

## Жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 57 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 26 ақпанда № 9173 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 367 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 09.06.2023 № 367 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабы 4-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулығы бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның белгіленген заңнамалық тәртіппен ресми жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынға Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет Министрінің 28.01.2016 № 43 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаментіне жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 491 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Имашев*

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2014 жылғы 13 ақпанда  
№ 57 бұйрығымен  
бекітілген

## **Жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулығы**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Әділет Министрінің 28.01.2016 № 43 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 491 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1. Осы жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулығы (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310 Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және құқықтары мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық зерттеп-қарау жүргізілуін нақтылайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Нұсқаулықта мынандай терминдер пайдаланылады:

1) акведук - ерекше мақсаттағы жасанды құрылыс, оның ішінде кеме қатынасына арналған көпір арналар, суару арнасы немесе су құбырына суағындысына арналған көпірлер, лотоктар;

2) арзан құнды құрылыс - күрделі құрылыстарда пайдаланылмайтын, уақытша сипаттағы, тозығы жеткен, жартылай бұзылған (тарихи және сәулеттік ескерткіштерден басқа) материалдардан салынған құрылыс; техникалық паспортқа енгізілмейді, алайда толық сипаттамасымен абристе көрсетіледі;

3) балкон - ғимарат қасбетінде орналасқан, тіреуіш қанаттармен қоршалған алаң;

4) виадук - үлкен жыраны, шатқалды, алапты өткен кездегі салынған жасанды құрылыс;

5) вестибюль - үздіксіз келушілерді қабылдауға және бөлуге арналған, тұрғын және тұрғын емес құрылыстың ішкі бөлігіне кірер алдындағы үй-жай;

6) дамба - суды уақытша ұстауға, су ағысы бағытын тосқауылдауға арналған, құрылуы бойынша жер бөгетіне ұқсас гидротехникалық құрылыс;

7) дюкер - кішкентай су ағандысын өткізу үшін соғылатын жасанды құрылыс, мысалы суаруарнасы, арық;

8) дәліз - тұрғын үйге тысқары салынған немесе оған қосарлана салынған, бөлігі 60 пайыздан аз емес әйнектелген ашық немесе әйнектелген жылытылмайтын жай. Сондай ақ көпқабатты құрылыстағы пәтердің құрамдас бөлігі, әдетінше жылытылмайды, терезелердің ашылатын желдетілетін, кейде күн көзінен сақтайтын құралдармен жабдықталады. Дәліз балалар, шипажай ұйымдарда, емханаларда кеңінен қолданылады;

9) жер асты қабаты (подвал) - жер бетінің үйдің биіктігінің жартысынан асатын жердің беткі белгісінен төмен белгідегі қабаты;

10) жер үсті қабаты - жер бетінің жоспарланған жер деңгейінен жоғары тұрған белгідегі қабаты;

11) керткі салу - жеке нүктелердің координатын айқындайтын, оның алғашқы шығу пунктімен байланыстыратын әдіс, элементтердің өлшеуі;

12) коллектор - құбырсыз сұйықтықтарды және газдарды тасымалдауға арналған коммуникациялық жерасты созыла салынған құрылыс;

13) көлік қою орны - ғимараттың ішкі кеңістігінде орналасқан көлікті уақытша және тұрақты сақтау үшін арналған орын;

14) құрылыстар - автомобиль жолдары, теміржолдар, жасыл желектер, көпірлер мен өткерме жолдар, жағалаулар, электр желілері, қалалық электркөліктерінің жолдары, құбырлар, сумен жабдықтау және кәріз, жылу желілері, магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары объектілері, соның ішінде көпірлер, ауладағы жаяу жүргін жол, құдықтар, дуалдар, қаша;

15) қысқы бақ - экзотикалық және қысқа бейімді емес өсімдіктерді орналастыру үшін табиғи жарық көзі бар жылытылатын жай;

16) құрылыстың негізгісі - деп жер учаскесінде құрылысының күрделілігіне, сәулеттік белгісіне және өзінің мақсаты бойынша үстем болатын құрылысты айтады. Бір жер учаскесінде бір немесе бірнеше негізгі құрылыстар бола алады;

17) қызметтік құрылыс деп - жер учаскесінде негізгіге қатысты кейінгі орындағы маңызға ие құрылысты айтады. Қызметтік құрылыстарға сарайлар, гараждар, моншалар мен басқалар жатады;

18) лоджия – күрделі қабырғаларының үстіңгісінің үш жағынан шектелген және алдыңғы жағы ашық, жабындысы бар алаңша;

19) мансардтты қабат (мансарда) – қасбеті толығымен немесе жартылай еңкіс беттен (беттерден) немесе сынық төбеден пайда болған шатырдағы кеңістіктегі қабат;

20) өткерме жол - әртүрлі деңгейдегі жолдардың қиылысы орнына салынған жасанды құрылыс;

21) селөткізгіш - жол үстінен таулардағы балшық-тасты ағындар өткізу үшін соғылатын жасанды құрылыс;

22) сутартқыш - суқабылдағыштан, су жинағыш құрылыстан оны беру үшін арналған тоннель, арна, лоток немесе құбыр тәріздес құрылыс;

23) тұрғын үйдің (тұрғын ғимарат) жалпы ауданы - барлық тұрғын үйлердің жалпы ауданы мен барлық тұрғын емес үй жайлардың аудандары, сондайақ ортақ мүлік болып табылатын тұрғын үйдің аудандарының жиынтығы;

24) тоннель - ойқыс тау шатқалдарында қиылысатын көшелердің тарамдарына арналған таудың ішіне жолсалу үшін соғылатын жасанды құрылыс;

25) техникалық қабат - инженерлік құрал-жабдықтар мен коммуникация төсемдерін орналастыратын қабат, төменгі (техникалық астыртын орында) және/немесе жоғарғы (техникалық шатырда) қабатта орналасуы мүмкін;

26) техникалық жерасты бөлігі - жердің нөлдік белгісінде орналасқан және төбесінің биіктігі 1,5 метрден аспайтын жылытылмайтын үй-жай (техникалық жерасты жеріне сызбалық жоспар сызылмайды);

27) тамбур - үй-жайға, басқыш алаңға немесе асқа жайларға кіре берістегі суықтың, түтіннің, иістің өтпеуінен қорғау үшін қызмет ететін есіктер арасындағы өтпелі бөлме;

28) терраса - төбесі бар, қоршалған ашық құрылыс (алаң) немесе пайдаланылатын жабынды жайдың төменгі жағындағы демалысқа арналған аудан түріндегі, ғимаратқа қосылып салынған қосымша құрылыс;

29) тоғысқыр - тоғыспаның немесе доғаның жоғарғы нүктелерін байланыстыратын тік сызық;

30) үй төбесіндегі үйшік (мезонин) - бұл ауданы бойынша төменгі қабаттан кіші және олармен ішкі қатынастары бар, ортақ шатыр құрылысынан жоғары көтеріліп, үстіне салынған құрылыс;

31) үй асты қабаты (цокол) - жер бетінің жердің жоспарлы белгісінен төмен, бірақ үй биіктігінің жартысынан аспайтын белгідегі қабаты;

32) эркер - тұрғын үй қабырғасының жартылай дөңгелек, үш бұрышты немесе қырланып шыныланған шығыңқы жері. Көбінесе қасбет биіктігі бойынша бірнеше қабаттарға жасалады.

3. Жылжымайтын мүлік объектілері үш күрделілік санатына бөлінеді:

1) бірінші күрделілік санатына осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес төрт үй жайдан аспайтын тікбұрышты нысандағы құрылыс жатады;

2) екінші күрделілік санатына осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес екі немесе оданда көп тікбұрыштан тұратын, он төрттен аспайтын үй-жайлардан тұратын құрылыстар жатады;

3) үшінші күрделілік санатқа осы Нұсқаулыққа 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес он төрттен астам үй-жайдан, әр-түрлі, қиғаш бұрышты немесе қисық сызықты нысанды күрделі кескіндеме пішіндерден тұратын құрылыстар жатады.

4. Жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жұмысы мыналардан:

1) нақты шекараларымен оған енгізілген құрылыстар және ғимараттары мен жер учаскелерінің жоспарын жасаудан;

2) учаскеде орналасқан негізгі құрылыстардың әрбір қабаты бойынша жоспарларын жасаудан;

3) учаскеде орналасқан барлық құрылыстар мен ғимараттардың техникалық ахуалын белгілей отырып, олардың конструктивтік элементтерінің техникалық сипаттамасын жасаудан;

4) есептеу жұмыстарын жасау және болашақта жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың бірыңғай мемлекеттік тізілімін толтыру үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспорттарына зерттеп-қараудың нәтижелерін енгізуден тұрады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Жер учаскесін түсіру және жер учаскесінің сызбалық жоспарын сызу (дала және камералды жұмыстар)**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 491 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

5. Тұрғын емес мақсаттағы объектілер бойынша түсіруге, жер учаскесі сәйкестендіру құжатына сәйкес, құрылыстар мен ғимараттардың және оған қызмет етуші құрылысжайлар бөліктерінің орналасқан жері жатады. Жеке тұрғын үйлердің, саяжайлардың және жеке көлік жайлардың жер учаскескелерін тексеру жер учаскесінің сәйкестендіру құжаттарына сәйкес барлық жер учаскесіне жүргізіледі. Жер учаскесін түсіруді геометриялық тәсілмен, тесьма және болат өлшеу рулетканы, сондай-ақ басқа да электрондық өлшем құралдарын қолдана отырып жүргізіледі. Учаскенің табиғи шекаралары осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес көрсетілген шартты белгілерге сәйкес сызылады (әрі қарай - Шартты белгілер).

6. Үлкен өлшеуішті аумақтарға техникалық зерттеп-қарау жүргізу үшін 1:10000, 1:5000, 1:2000, 1:1000, 1:500 және 1:200 масштабтардағы топографиялық материалдарды пайдалануға жол беріледі.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Жер учаскесін түсіру процесі кезінде барлық құрылыстар мен құрылысжайлар өлшенеді, учаскенің және оның жекелеген бөлімдерінің (қоныстарының) шекараларының ұзындығы өлшенеді, жылжымайтын мүлік объектісінің нақты тұрған жері (мекенжайы) белгіленеді. Ортақ үлестік меншік құқығындағы объектіге зерттеп-қарау жүргізген кезде зерттеп-қарау тек тапсырыс беруші-меншік иесіне тиесілі жер учаскесі мен құрылыстары өлшенеді.

Бір жылжымайтын мүлік объектісінің бірнеше меншік иелері болған жағдайда, қажет болған жағдайда әрбір меншік иесі техникалық паспорт даярлауға тапсырыс бере алады. Бір меншік иесінің техникалық паспорт даярлау барысында, екінші меншік иесіне техникалық паспорт объектіге шықпай алдыңғы зерттеп-қарау материалдары бойынша (кіру мүмкіндігі болмаған жағдайда) даярланып беріледі. Берілетін бірдей техникалық паспорттардың есебін жүргізу үшін, техникалық паспорттың сыртқы бетінде дананың нөмірі жөнінде белгі қойылуы тиіс, ол уәкілетті органның түгендеу ісінде сақталады. Бұл жағдайда өзге меншік иесіне берілген техникалық паспорттар жойылмайды.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Жылжымайтын мүлік объектісінде ауыртпалықтар мен талаптар болған кезде мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауға және оған техникалық паспорт беруге жатады, өйткені техникалық паспорт құқық белгілеуші құжат болып

есептелмейді. Жер учаскесіне сәйкестік құжаттар болған жағдайда, меншік иесінің қалауы бойынша техникалық паспорт даярлана отырып, зерттеп-қарау жүргізіледі.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Барлық өлшеулер дәлдікпен және кейінгі жер учаскесінің жоспары сызылатын абриске енгізіледі. Абрис жердің жоспарын сызуға арналған алғашқы құжат болып табылады. Абриске түзету енгізуге жол берілмейді, жекелеген түзетулер нақты және оларға ескертпе болуы қажет. Абристі таза етіп жасау мақсатында қайта сызуға тыйым салынады. Абристе оның сызылған күні, жылыжмайтын мүлік объектісінің мекен - жайы, объектінің меншік иесі (өзге де заттық құқық иесі) түсіруді орындаған маманның және техникалық зерттеп-қарау жүргізу бөлімі басшысының (әрі қарай - бөлім басшысы) тегі мен қолы көрсетіледі. Абрис қарындашпен немесе электронды түрде сызылады. Абристің сапасында өзгерістер жоқ болса онда абрис ретінде алдыңғы мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу құжаттары пайдаланылады. Жылжымайтын мүлік объектісін зерттеп-қарау жүргізу кезінде жобалық құжаттаманың көшірмесін пайдалануға болады. Онда құрылыстың пайдалану мақсаты, зерттеп-қаралған құрылыстар және ғимараттар, литер тізбесі, бөлмелер нөмірі, қайта жасақталған құрылыстар мен құрылыс жайлар нөмірі, сондай-ақ анықталған бұзушылықтар көрсетіледі. Абристегі қасбет сызығы парақтың төменгі сызығымен параллель сызылады. Абристегі жазулар мен сандар анық және олар жататын параллель сызыққа орналастырылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Жер учаскесіндегі құрылыстар мен құрылысжайлар барлық периметрлер бойынша өлшенеді және учаскенің жоспарындағы олардың дұрыс тұрған жерін алу үшін базистік нүктелерге байланыстырылады. Учаскенің жоспарын жасау үшін құрылыстарды өлшеу жер асты қабат бойынша жасалады.

11. Жер учаскесін өлшеген кезде мынадай талаптар сақталады:

1) учаскенің қасбеті бойынша оның құрылыс ұзындығының, қоршауының, қақпасының, есіктерінің құрамдық бөліктері, сондай-ақ учаскенің ұзындығының жалпы өлшемі өлшенеді. Бұл ретте, жеке өлшемдердің сомасы жалпы өлшемнен алшақ болмайды;

2) учаскенің жақтары оның шекарасы бойынша өлшенеді. Егер шекарада қақпа болса, онда өлшеу қақпаның қалыңдығы есепке алынып жүзеге асырылады. Омырылған жерлері бар шекаралар омырылғанға дейін және одан кейін

омырылған жерден бөлшектер бойынша өлшенеді. Бұдан басқа, мұндай шекараның ұзындығының түзуі бойынша өлшенеді. Учаскенің шекарасын өлшеу кезінде шекара олардың аралас учаскелердің шекара қиылысына дейінгі арақашықтығы өлшенеді;

3) екі аралас учаскелерге тиісті шекарада арық болған кезде шекара өлшемі арықтың ортасы бойынша алынады;

4) тас және кірпіштен қоршауы бар шекараны өлшеген кезде құрылыстың қалыңдығы мен биіктігі өлшенеді, ал ағаш материалдардан жасалған қоршаулардың тек қана биіктігі өлшенеді;

5) жекелеген жер учаскелері арасында табиғи шекаралар болмаған кезде, шартты шекаралар жер бөлу құқық орнатушы құжаттарымен белгіленеді.

6) егер құрылыста жылыту үшін жер асты қабатының орнына құм себілсе, онда учаске жоспары үшін мұндай құрылысты өлшеу қабырға құрылысы бойынша жүргізіледі, негізіндегі үйінді құрылысқа енгізілмейді;

7) учаскенің жоспарына уақытша құрылыстар мен көшпелі қондырғылар, оның ішінде дәретхана, жаздық себілгіштер, қоқыс жәшіктері, тасымалды контейнерлер, дүңгіршектер, қазылған шұңқырлар, құдықтар кіргізілмейді;

12. Жер-телімінің жоспарын, құрылыстардың аудандарын және көлемін анықтау бойынша камералдық жұмыстар, бөлім басшысы абристі тексеріп қол қойғаннан кейін жүргізіледі. Жер учаскесінің жоспары абристе жазылған өлшеулер негізінде 1:200-ден 1:5000-ға дейінгі масштабтарда жер учаскелерінің мөлшеріне байланысты компьютерлік техниканы пайдалана отырып сызады.

13. Учаске жоспары қағазда негізгі қасбетпен парақтың төменгі кесіндісімен параллель орналасады және жарықтың жақтарына қатысты С-Ю бағыттаушымен бағдарланады.

14. Жер учаскесінің жоспарын сызу жөніндегі графикалық жұмыстар мынадай ақпараттарды қамтиды:

1) жоспарда көшелердің атауы, жүретін жолдар көрсетіледі;

2) учаскенің, қоныстардың, құрылыстардың, құрылыс жайлардың мөлшерлері жоспарға тиісті сызықтарға сәйкес параллель болып қара түспен енгізіледі;

3) абристен шыққан қосалқы өлшеулер жер учаскесінің жоспарына көшірілмейді;

4) құрылыстар мен құрылысжайлардың пішінін сызу Шартты белгілердің қатаң сақталынуымен жүргізіледі;

5) әрбір құрылысқа, жапсар жайға, құрылысжайға литер беріледі;

6) негізгі құрылыстар орыс алфавитінің А, Б, В және тағы басқалар бас әріптерімен және әрі қарай қабаттылығын, қабырға материалын және пайдаланылуын көрсете отырып, литерленеді. Алфавит әріптері жетпеген кезде литерлеуді бас әріптердің жанынан рим цифры қойып жалғастыруға болады;



7) тұрғын және тұрғын емес жапсар жайлар құрамында олар орналасқан сол негізгі құрылыстың орыс алфавитінің бас әріптеріне олардың нөмірлерінің сандық белгісі қосылып мына тәртіппен литерленеді: А1, А2 немесе Б1, Б2;

8) суық жапсар жайлар (террасалар, дәліздер, кіре беріс және басқа) негізгі құрылыстың литеріне сәйкес орыс алфавитінің кіші әріпімен литерленеді: а1, а2, немесе б1, б2;

9) қызметтік құрылыстар Г бас әріпіне сандық белгі қосылып тізімдеме тәртібі бойынша литерленеді: Г1, Г2, Г3;

10) құрылыс (оның ішінде төсемдер, қоршаулар, қақпа, су ұңғыма, бастырма) рим санымен литерленеді: I, II, III, IV;

11) құрылыстың контурында "Н" әріпі белгісімен сыртқы биіктігі қойылады. Егер құрылыс қия беткейде орналасса және осының салдарынан бірнеше жерден өлшенсе онда орташа арифметикалық мәні қойылады;

12) жертөлелердің, жартылай жертөлелердің және жерқоймалардың контурлары жер учаскесінің жоспарында үзік сызықтармен олардың орналасқан жері бойынша көрсетіледі;

13) мезониндер, мансардалар құрылыстың контурында олардың орналасқан жерінде жалпақ сызықпен белгіленеді;

14) тастан, кірпіштен, саманнан кірпіштен жасалған дуалдар мен қоршаулар олардың қалыңдығы масштабта көрсетіліп, қос сызықпен сызылады;

15) жер учаскесінің жоспарындағы құрылыстар мен құрылыс жайлар қатаң түрде масштабта сызылады және Шартты белгілерге сәйкес боялады.

### **3-тарау. Ғимараттарды түсіру (өлшеу) және қабаттар жоспарларын сызу (далалық және камералдық жұмыстар)**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 491 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

15. Негізгі құрылыс, жапсарлас құрылыстармен бірге қабырғалардың бетінен сыртқы және ішкі жағынан өлшенеді. Егер өлшеу кезінде қабырғалардың әрлеу жұмыстары болмаса, онда техникалық паспорттың ерекше белгілері тармағына өлшеу жұмыстарының қабырғалардың әрленбеген беттерінен жүргізілгендігі жөнінде белгі қойылады. Өлшеуге барлық үй-жайлар және ондағы бөлмелер, оның ішінде олардың мақсатына пайдалануына қарамастан жертөле, жартылай жертөле қабаттардағы, мезониндерде және мансардаларда орналасқан бөлмелер, сондай-ақ суық құрылыстарды қоса алғанда осы құрылысқа жапсар жайдағы барлық үй-жайлар жатады, ғимараттар мен үй-жайларды түсірген кезде абрис сызылады.

16. Жапсар жайы бар негізгі құрылыстарды өлшеу бірінші қабаттың терезесі деңгейінде астыңғы қабаттан жоғарғы қабырғаның барлық периметрі бойынша жүргізіледі. Терезе және есік қуыстарын өлшеу барысында бір уақытта аралық есептеулер жасалады. Абристе мұндай есептер өлшенетін сызықтарға перпендикуляр жазылады.

17. Учаскенің абрисінде құрылыстың қабаттылығы және құрылыстың жекелеген бөліктері бойынша бөлінуі көрсетіледі. Биіктігі бір, бірақ әр-түрлі қабаттығы құрылыстарда өлшемдер әрқайсысы үшін жеке, сондай-ақ әртүрлі биіктік кезінде және негізгі құрылысқа жапсар жай болған кезде алынады.

18. Әр қабат бойынша жоспарды сызған кезде дөңес (жиектер) жерлері бар қабырғалар, қабырға сұлбасында барлық көлденең кесінділермен шығып (жиектер) тұрған проекцияларын және тек қана кесіндіге түсетін қабырғаның бөлігін бояп қана көрсету керек (еденнен 1.2 метр биіктікте).

19. Әр қабат бойынша жоспардың қабырғалары, қалқалары, терезе және есік қуыстары (оның ішінде жасалған және қойылған) мен басқа да тетіктері масштабқа салынады және сызылады.

20. Алаңдар, баспалдақ торлары мен баспалдақ марштары масштабта сызылады, бұл ретте басқыштардың саны болмысына сәйкес болуы керек. Баспалдақ маршының көтерілу бағыты жебемен көрсетіледі. Жоғары тұрған қабаттарда, егер баспалдақ торлары өтпелі және аражабыны жоқ болса, баспалдақ торының мөлшері қойылмайды.

21. Үй-жайдағы жоғары қабаттың (дәлізде, тұрғын бөлмеде, холлда және т.б) баспалдақ қиындылары масштабта сызылады және мөлшері кесіндінің ұзындығы мен ені бойынша қойылады.

22. Форматтың оң жақ төменгі бұрышында мекен-жайын, құрылыстың қабаты мен жоспардың масштабын көрсететін жазумен мөртаңба сызылады. Әр қабат бойынша жоспарға бөлімнің маманы және басшысы қол қояды.

23. Әр қабат бойынша жоспарлар қатаң түрде масштабта сызылады және Шартты белгілерге сәйкес боялады.

24. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін әр қабат бойынша сызылған жоспар ақаулы болып саналады және қайта жасауға жатады, хал-ахуал сызбалар мен жоспарлар осы Нұсқаулыққа сәйкес сызылады.

25. Құрылыстың сыртынан өлшеген кезде қабырғаның жалпы жазық бетінен 10 сантиметрге шығып тұрған және құрылыстың ішкі көлеміне әсер етпейтін сәулеттік кіші бөліктері өлшенбейді және көлемге қосылмайды.

26. Кіре берістер, шұңқыршалар, алаңдар, кіретін есіктер өлшенеді және қабаттық жоспарға кіргізіледі.

27. Бұтарланған құрылыстан кейінгі қалдықтары есепке алынбай жазықтығы бойынша өлшенеді, бұрыштағы әшекейлер және пилястрлер өлшеу кезінде

есептелмейді. Сыртынан ағашпен қапталған құрылыс қаптамасы бойынша өлшенеді.

28. Құрылыстың сыртқы биіктігі, жердің жоспарланған үстінен ернеуіне қосылған жоғарғы сызығына дейін, яғни жабынның ернеумен түйіскен сызығына дейін өлшенеді.

29. Ернеудің үстінен шығып тұрған бөліктер өлшеуге жатпайды. Құрылыстың шаршы алаңына әсер етпейтін мұнаралар, сәулеттік қосымша құрылыстар биіктігіне қосылмайды.

30. Көп қабатты құрылыстың сыртқы биіктігі қабатаралық және шатыр жаппаларының қалыңдығы есепке алынып, қабаты бойынша жайлардың ішкі биіктіктерін қосу арқылы белгіленеді. Бұл ретте кезінде жаппалардың қалыңдығы баспалдақ алаңындағы екі қабаттың ішкі биіктігін өлшеп, ол шамадан осы қабаттардың ішкі биіктіктерінің сомасын алып тастап анықталады.

31. Қия беткейде тұрған құрылыстың биіктігі жер бетінің ойыстығына байланысты бірнеше бұрыштан өлшенеді және осы өлшеулер оларды өлшеген жерлерінен нобайға Нұсқаулықтың 7-қосымшасының 1 суретіне сәйкес енгізіледі.

32. Бір тегісті төбесі бар құрылыстың биіктігі жаппасыз, жоғарғы және төменгі тегісті қабырғалары бойынша өлшенеді, қосылады және ортаңғы мәні Нұсқаулықтың 7-қосымшасының 2 суретіне сәйкес алынады.

33. Жаппасымен бір тегісті төбесі бар құрылыстың биіктігі төменгі тегістігінің қабырғалары бойынша өлшенеді.

34. Мезониннің биіктігі, биіктік айырмашылығы сияқты мезонинмен бірге үй биіктігінен негізі үй биіктігін шығарып тастау арқылы Нұсқаулықтың 7-қосымшасының 3 суретіне сәйкес айқындалады.

35. Мансарданың биіктігі мансарданың еденінен шатыр жаппасының төсемінің жоғары бетіне дейін өлшенеді. Мансарда жаппасының қисық сызықпен кескіні кезінде орташа биіктігін Нұсқаулықтың 7 қосымшасының 4 суретіне сәйкес алу қажет.

36. Эркердің биіктігі, биіктік айырмашылығы сияқты іргетастың кескінінен эркердің жоғарғы және төменгі жазықтығына дейін белгіленеді.

37. Құрылыстың және құрылысжайдың сыртқы биіктігі қай жерден алынса, сол жерде абристе белгіленеді.

38. Құрылыста жертөле, жартылай жертөле болған кезде сыртқы биіктікті өлшеу ернеудің қосылған сызығынан жерге дейін жүргізіледі және бұдан басқа жертөленің, жартылай жертөленің тереңдігі өлшенеді. Тереңдік биіктік өлшенген нүктеде өлшенеді. Қия беткейдегі құрылыстардың тереңдігі еңкісіне байланысты және міндетті түрде құрылыстың сыртқы биіктігі өлшенген жерлерден өлшенеді.

39. Үй-жайлар мен бөлмелердің ішкі өлшеуі және ара қабырғадан 1,2 - 1,3 метр биіктікте еденнен алғанда үй-жайдың қалқалардың периметрі бойынша үстінен жүргізіледі. Тікелей қабырғалардың немесе қалқалардың жазықтығы бойынша өлшеу мүмкін болмаған кезде өлшеуде паралель өлшеулермен Нұсқаулыққа 7-қосымшаның 5-суретіне сәйкес жол беріледі.

40. Тұйық, тұрғын немесе тұрғын емес үй-жайдың ішіндегі күрделі материалды қабырғаларды қоспағанда, салынған аралық қабырғалар техникалық паспортқа, соның ішінде сызбалы қабатаралық жоспарға пунктирлік белгімен белгіленеді. Осындай аралық қабырғалардың болуы қолданыстағы техникалық паспортқа өзгерістер енгізуге және оны ауыстыру үшін негіз болып табылмайды.

41. Тікбұрышты үй-жайды өлшеген кезде екі өлшеммен шектелген жеткілікті, алайда тікбұрыш еместің аздаған нышаны байқалған кезде үй-жайдың барлық жақтары және ара қашықтығы қиғаш бойынша өлшенуі қажет. Бұрыштық үй-жайдағы тікбұрышты кескінді екі диагонали бойынша алған дұрыс. Қиғаштың болуы құрылыстың сыртқы пішінін белгілеуді және құрылуын Нұсқаулықтың 7-қосымшасының 6-суретіне сәйкес жеңілдетеді.

42. Құрылыстың ішкі биіктігі бірінші қабаттың еденінен шатыр жаппасына дейін белгіленеді.

43. Жертөлесі, жартылай жертөлесі бар ғимараттардың ішкі биіктігі бірінші қабаттың еденінен бастап үйдің төбесіндегі шатыр жаппасына дейін өлшенеді, ал жертөлениң биіктігі жертөлениң еденінен бастап 1-ші қабаттың еденінің жоғарғы сызығына дейін өлшенеді.

44. Үй-жайларда және бөлмелерде барлық шығып тұрған бөліктер, күрделі қабырғалар мен аралық қабырғалар, қуыстар, қабырға шкафтары, есіктер, пештер, арықты қуыстар және басқа да қондырғылар өлшенеді. Өлшеулер мен байланыстардың деректері абриске сызылады.

45. Терезе астындағы орталық жылу құбырларына арналған қуыстар өлшенбейді және жоспарға сызылмайды, ал есік қуыстарындағы қуыстар, сондай-ақ 1,8 метр және одан да көп биіктіктегі қуыстар өлшенеді, жоспарға сызылады және үй-жайдың ауданына енгізіледі.

46. Тұрғын жайларда сатылардың марш астындағы алаңы, еденнен бастап марштың төменіне дейін 1,6 метр және одан да биік болған кезде ол үй-жайдың баспалдақ орналасқан ауданына қосылады.

47. Кемінде ені 2 метр немесе ойығы 1,5 метр қақпалармен өзара қосылған бөлмелер, ойығы қақпасы немесе қуыстары бар қабырға бойынша өлшенген кіші бөлменің ұзындығының кемінде 50%-ын құраған, бірақ қорабы жоқ жағдайда бір үй-жай болып саналады. Тіреуіш бағандары бар бірнеше қуыстармен өзара біріккен бөлмелер бір бөлме ретінде саналады және өлшенеді және ойығы бөлменің ауданына қосылады.

48. Егер бөлмеде қалқамен жасалған қақпа ойығы болса, онда ол өлшенеді, жоспарға сызылады және бөлу қалқасы алып жатқан алаңсыз бөлменің алаңына қосылады.

49. Қабырғадан шығып тұрған панелдері бар бөлмелер қабырғасы бойынша және панелдері бойынша екі рет өлшенеді Нұсқаулыққа 7-қосымшаның 7-суретіне сәйкес өлшенеді. Ауданы панелдері бойынша мөлшерлерінен есептеледі . Егер панелі немесе қабырғаларының сыртқа шығып тұрған қаптамасы бөлменің барлық периметрі бойынша өтпесе, онда одан басқа панелдің пагонажы немесе қаптамасы өлшенеді.

50. Төменгі қабатты шығыңқы қабырғалары бар бөлмелер немесе жертөлелер қабырғалары мен едендері бойынша өлшенеді, оның үстіне ауданы едені бойынша алынған мөлшерде есептеледі, ал жоспары қабырғалары бойынша алынған мөлшерде сызылады.

51. Саты торларында олардың ұзындығы, ені және марштары өлшенеді, марштардың ендері қабырғадан бастап басқыштың сыртына дейін басқыштың ұзындығы бойынша өлшенеді. Аудандардың мөлшері оларды тікелей өлшеу арқылы, ал марштың мөлшері оның көлденең проекциясын, яғни екі ауданның мөлшерінің сомасынсыз саты торларының ұзындығының арақашықтығы өлшенеді. Лифті болған кезде оның шахтасы өлшенеді, ауданы шахтаның едені деңгейімен есептеледі.

52. Үй жайдың немесе бөлменің ішкі биіктігі еденнен төбеге дейінгі белгіге дейін өлшенеді. Бөлек жайларда әр түрлі биіктіктер болған жағдайда олар солай өлшеніп, өлшенген жайлардың абристеріне сызылады.

53. Күмбезі бар үй-жайлардың биіктігі екі жерден белгіленеді: еденнен бастап күмбез табанына және еденнен бастап күмбездің тоғысқырына дейін, ал белбеуі бар темір бетонды үй-жайларда еденнен бастап белдеудің төменгі жазықтығына дейін осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаның 8-суретіне сәйкес өлшенеді.

54. Қуыстары жоқ қабырғалар мен ара қабырғалардың қалыңдығын анықтау үшін терезе немесе есіктің осынен сабақтас екі бөлменің қабырғаларына дейін және осы бөлмелердің терезелері немесе есіктерінің осі бойынша мөлшері үй-жайдың сыртынан алынады.

55. Пештер мына талаптарды сақтай отырып өлшенеді:

1) дөңгелектері үшін – диаметрі өлшенеді;

2) тік төрт бұрыштар үшін – ұзындығы және ені;

3) бұрыштық үшін – үшбұрыштықтың негізгі мен биіктігі, шығып тұрған бөліктерінің ұзындығы мен ендерінің диаметрлері өлшенеді.

56. Уақытша және көшпелі пештер өлшенбейді және әр қабат бойынша жоспарға сызылмайды.

57. Құрылыстың өлшеу жұмыстары аяқталғаннан кейін қабырғаның сыртқы және ішкі мөлшерлерінің арифметикалық мәліметтерінің сәйкестігі тексеріледі. Сыртқы өлшеу және ішкі мөлшерлерінің сомасы қабырғаның қалыңдығымен бірге тең болуы керек. Сыртқы және ішкі мөлшерлерінің арасындағы жол берілетін айырмашылықтар барлық бөлмелерге барабар бөлінеді.

58. Құрылыстың әр қабат бойынша жоспары абристе жазылған өлшеу негізінде стандарттық үлгідегі сызу қағазына компьютерлік техниканы пайдалана отырып, жылжымайтын мүлік объектісінің мөлшерлеріне байланысты 1:50, 1:100, 1:200, 1:300, 1:500 масштабта сызылады. Сызу парағының стандарт форматы құрылыстың мөлшеріне байланысты іріктеп алынады.

59. Құрылыстың әр қабат бойынша жоспары қағазда бас қасбетімен парақтың төменгі қиындысымен паралель орналасады.

60. Әр қабат жоспары әр қабатқа бөлек сызылып, мынадай бөліктерден тұрады:

- 1) жертөле (цоколь) қабат;
- 2) үй асты қабаты;
- 3) жер үстіне салынған құрылыстар.

61. Әр қабат бойынша жоспарда мынадай цифырлық белгілер қойылады:

1) құрылыстың қабырғаларының сыртқы периметрі бойынша алынған мөлшерлер;

2) ұзындығы және ені көрсетілген әрбір бөлменің ішкі мөлшері тиісті сызыққа паралель қара сиямен қойылады;

3) бөлмелердің ауданына әсер етпейтін жоспардың тетіктеріне мөлшерлер берілмейді;

4) бұрыс үлгідегі бөлмелерде ішкі мөлшерлер бөлменің барлық периметрлері бойынша қойылады.

62. Қабат бойынша жоспарда әр үй-жайлардың нөмірлік реті көк түсті араб санымен шығу есігінен сағат тілі бағыты бойынша қойылады. Үй-жайдың нөмірлік реті әрбір қабатта жеке қойылады, яғни 1-ші саннан басталады.

**Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 491 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

63. Пәтердің нөмірі пәтердің кіреберісіне қызыл түспен қойылады. Кондоминиум объектілерінде негізгі жылжымайтын мүліктен айыру мақсатында жасыл түспен белгіленеді.

64. Ішкі биіктігі өлшенген жерінен "h" әрпімен қойылады. Егер қабат аралық аражабыны бір жазықта болса және барлық үй-жайлардың қабат биіктігі бірдей

болса, онда ол қай жерде өлшенсе, сол жерге қойылады. Әр түрлі биіктік кезінде жаппа биіктігі қай жерде өлшеу өткізілді, сол жерге барлық үй-жайларға қойылады.

64-1. Каскадтық көп қабатты тұрғын үйлерде пәтер қабаты техникалық паспортта нақты орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

**Ескерту. Нұсқаулық 64-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 491 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

**4-тарау. Жер учаскесінің, ғимараттың, құрылыс жайлардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің техникалық ерекшеліктерін сипаттау (есептеу жұмыстары)**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 491 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

65. Ғимараттардың, құрылысжайлардың және олардың құрамдас бөліктерінің техникалық сипаттамалары белгіленген техникалық паспорт нысандары бойынша жасалады. Құрылыстардың, құрылысжайлардың және олардың конструктивтік элементтерінің техникалық сипаттамасы табиғи ахуалын, құрылыс материалдары және конструкциялық элементтерін ескере отырып абристен тиісті нысандардаға бағаналарға енгізіледі және көзбен көріп тексерген кезде айқындалады.

66. Өтініш берушіде ғимараттарды, құрылыстарды және құрылысжайларды қабырға және аралық материалдар салған жылын айқындаушы құжаттары болмаған кезде пайдалануға берген мерзімі көзбен көріп қараудың, материалдар жағдайының, өтініш беруші берген ауызша мәліметтердің негізінде белгіленеді. Құқық белгілеуші құжаттарында ақпараты жоқ құрылыс туралы деректер техникалық паспортқа енгізіледі.

67. Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу жұмыстары аяқталған соң жылжымайтын мүліктің меншік иесі (өкілеті тұлғасы) абриске қол қояды.

**Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

68. Жер учаскенің жоспары қабылданған масштабта сызылғаннан кейін, учаскенің жекелеген бөлігін және барлық учаскесін тұтастай есептеуге кіріседі.

69. Аудандарды есептеудің мынадай үш түрлі әдісі бар:

1) табиғи деректер бойынша және заттай алынған сызықтық өлшеуге байланысты іздеу ауданының шамасын білдіретін геометриялық формула көмегімен есептеу әдісі;

2) талдамалық әдіс, ауданды есептеу үшін қажетті іздеу сызықтарының ұзындығы белгілі заттай деректердің есебінен математикалық формулалар бойынша белгіленеді;

3) кескіндемелік әдіс, есептеу үшін қажетті сызықтар сызылған жоспар бойынша құрылады және өлшенеді.

70. Жер учаскелерінің аудандары күрделі геометриялық фигураларды қарапайымға (тік төртбұрыштар, үшбұрыштар, трапеция) бөлу және олардың ауданын тиісті геометриялық формулалар бойынша белгілеу негізінде есептеледі. Іс жүзінде мұндай жер учаскелердің ауданын жақтары сол жерде өлшеу үшін ыңғайлы жеке үшбұрыштарға бөлген жөн. Үшбұрыштардың ауданын есептеу үшін жартылай периметр формуласы (Герон формуласы) қолданылады. Осы формула бойынша аудан

$$S = \sqrt{p \cdot (p-a) \cdot (p-b) \cdot (p-c)},$$

Осы формула бойынша аудан

мұнда  $a$ ,  $b$  және  $c$  – үшбұрыштың жақтары,  $p$  - осы үшбұрыштың жартылай периметрі,  $(a+b+c): 2$  амалына тең.

71. Тік бұрышы бар қисық бұрышты бейнелердің ауданын есептеген кезде осындай пішіндерден ауданын гипотенузаны катеттері бойынша жеңіл айқындауға болатын тікбұрышты үшбұрышқа бөліп алу қажет. Гипотенуза жақтары тұратын жерінде өлшенген үшбұрыштың үшінші жағы болып табылады.

72. Тұйық сынық сызықты құрайтын пішіндердің, сондай-ақ қисық пішіндердің ауданын оларды бірдей биіктікте бірқатар трапецияларға бөлу арқылы кескіндеме тәсілімен есептеуге болады. Барлық трапециялардың жалпы ауданын есептеу жекелеген трапециялардың орташа сызығының ұзындығын және олардың сомасын бір трапецияның биіктігіне көбейтумен есептеледі. Трапецияға кірмеген пішіндердің ауданы үшбұрыштардың ауданы сияқты айқындалады.

73. Жеке парақтарға түсірілген барлық жобамен жазылған сызулар, формулалар және қосалқы жазулар және алғашқы түпнұсқалы құжаттар сияқты басқа құжаттармен қатар мұрағаттық іс материалдары жасақталуы тиіс.

74. Есептеу жұмыстарының нәтижелері келесі жолмен дөнгелектенеді:

1) жер учаскесінің жалпы ауданы – тұтас санға дейін;

2) алқаптардың, құрылыстар мен құрылысжайлардың аудандары – бір ондық белгіге дейін дөнгелектенеді.

75. Құқық орнатушы құжаттарда және техникалық паспорттағы техникалық сипаттамаларында айырмашылықтар болған жағдайда, осы Нұсқаулыққа 8-



қосымшаға сәйкес нысан бойынша, жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық сипаттамаларының өзгеруі жөнінде қорытынды, құрылыстың бұзылғандығы анықталса, өтініш білдірушіге осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлік объектісінің бар болуы және бұзылғандығы жөнінде қорытынды беріледі.

76. Аудандарды есептеу нәтижелері топтастырылады және техникалық паспорттың тиісті бағаналарына енгізіледі.

77. Үй-жайлардың аудандарын есептеген, өлшеген кезде алынған көлемдердің негізінде бір ондық белгіге дейінгі нақты түрде шаршы метрмен жүргізіледі.

78. Тік төртбұрышты нысанды құрылыстардың аудандары ұзындығын еніне көбейтіп есептеледі.

79. Құрылыстар мен жеке үй-жайлар көп жағдайларда тікбұрышты кескінде болады, бірақ тексеру жүргізу кезінде қисық сызықты кескіндегі үй-жайлар да кездеседі. Бұл жағдайларда мұндай пішіндерді жай кескіндей бөлу керек және олардың әрбірінің ауданын есептеп және нәтижесін қосу қажет.

**Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

80. Мансарды тұрғын жайдың алаңын белгілеу кезінде осы жайдың еңкейіңкі төбесінің 1,6 метрден кем емес ұзындығымен алаңы ескеріледі.

81. Күрделі қабырғалардың шығыңқы элементтері, пештер, күрделі үлгідегі ошақтар алып жатқан, сондай-ақ есік қуысындағы алаңдар үй-жайдың ауданына қосылмайды.

82. Үй-жайдың ауданынан жылу орталығының жабдықтары, колонкалар, ванналар, әжетхана жабдықтары және басқа да санитарлық-техникалық жабдықтар орналасқан аудандар алынбайды.

83. Тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) тұрғын алаңы, орнатылған шкафтардың алаңын есепке қоса отырып тұрғын бөлмелердің алаңдарының қосындысы ретінде белгіленеді, ал тұрғын үйдің тұрғын алаңы (пәтерлер) тұрғын бөлмелердің жатын бөлме, қонақ бөлме, балалар бөлмесі, үй кабинеті және орнатылған шкафтардың алаңдарының қосындысымен айқындалады.

84. Тұрғын үйдің (пәтердің) тұрғын емес ауданы ішкі қосалқы үй-жайлардың оның ішінде ас бөлме, жуыну бөлмесі, әжетхана, кіреберіс, дәліз, ішкі қойма аудандарының қосындысымен айқындалады.

85. Тұрғын үйдің (пәтердің) пайдалы ауданы тұрғын және тұрғын емес ауданның қосындысымен айқындалады

86. Тұрғын үйдің (пәтердің) жалпы ауданы тұрғын үйдің пайдалы ауданы мен мынадай төмендеткіш коэффициенттерді қолдана отырып, балкондардың,

лоджиялардың, дәліз бен террасалардың аудандарының жиынтығы ретінде белгіленеді:

1) балкондар мен террасалар үшін - 0,3;

2) лоджиялар үшін - 0,5;

3) біріктірілген лоджиялар мен балкондар үшін кемітілген коэффициент қолданылады - 0,4;

4) дәліздер үшін - 0,8.

87. Тұрғын жайлардың жалпы алаңына астында орналасқан шатыры мен бастырмасы бар болуы мүмкін жайлардың шатырында орналасқан жеке жылжымайтын мүлік объектілері ретінде террасалар енбейді.

88. Саяжай құрылыстары мен бау-бақша үйшіктерінің жалпы ауданына демалуға арналған үй-жайлар, сондай-ақ тұруға арналған жылытылатын үй-жайлар кіреді.

89. Жеке үй-жайларда суық қосымшалардың ауданы жалпы ауданға кірмейді.

90. Стационарлық құрал-жабдық орналастырылған өндірістік үй-жайлардың аудандары өндірістік ауданға қосылады.

91. Экспликация әр қабаттық жоспар сызылып, онда үй-жайлардың және бөлмелердің нөмірлері қойылған және ауданы саналғаннан кейін толтырылады.

92. Экспликацияны толтырудың басты мақсаты барлық қабаттардағы барлық үй-жайлардың жіктелуі болып табылады.

93. Жіктеме экспликациядағы аудандарды осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес Ғимараттар мен құрылыстардың функционалдық мақсаты бойынша олардың ерекше бөлімдері мен түрлері бойынша бөлінуі қарастырылады.

94. Құрылыстың мақсаты негізінде басымды ауданы бойынша белгіленеді.

95. Үй-жайлардың және оның құрамдас бөліктерінің үлгілері оның мақсаты бойынша белгіленеді. Үй-жайдың және оның бөліктерінің (бөлменің) үлгілерін анықтау үй-жайды табиғи зерттеп-қарау жүргізу кезінде жүргізіледі.

**Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

96. Функционалдық мақсаты бойынша тұрғын жайдың тиісті белгілері мен түрлері бойынша экспликация жіктеуіне сәйкес жіктеледі.

97. Жеке тұрған және негізгі тұрғын жайдың құрылыс болып табылатын көлікжай кешендеріне сызбалық жоспар дайындалады. Жеке үй иеленудің құрамына кіретін көлікжайлар негізгі құрылыс болып табылмайды және қызметтік құрылыстар жатады (бұл құрылыстарға сызбалық жоспар дайындалмайды).

98. Үй-жайлар мен олардың аудандары олардың бастапқы мақсаты бойынша ескеріледі. Негізгі құрылыстың үй-жайларының аудандарын мақсаты бойынша

сыныптай отырып, әр қабаттық жоспарға экспликациясы жасалады. Негізгі құрылыстарға экспликация қабат бойынша жасалады. Тұрғын үй-жайларға экспликациялар пәтерлер бойынша жасалады.

99. Көп-пәтерлі тұрғын үйлердегі аудандарының қорытындылары, пәтерлер, қабаттар бойынша, және жалпы құрылыс бойынша есептеледі, ал жеке тұрғын үйлерде қабат бойынша балкондардың, лоджиялардың алаңдары пәтерлер бойынша, қабаттар бойынша және жалпы құрылыс бойынша есептеледі.

100. Бастапқы мәнін өзгерткен құрылыстар мен үй-жайларды реконструкциялау және қайта жоспарлау немесе құрылыстар мен үй-жайларды өзге де қажеттіліктерге қайта жабдықтаған кезде үй-жайлардың алаңы реконструкциялауды, қайта жоспарлаудың немесе қайта жабдықтаудың нәтижесінде мақсаты және нақты пайдалануы бойынша ескеріледі.

101. Ғимараттардың, құрылыс жайлардың көлемі (жертөлесіз, жартылай жертөлесіз, төменгі қабатсыз) көлденең қимасының алаңын ғимаратқа жанасып жатқан жоспарланған жердің нөлдік белгісінен карниздің жоғарғы сызығына дейін өлшенген толық биіктігіне көбейту арқылы айқындалады.

102. Құрылыстың көлемі бір текше метрге дейін дөңлектенеді және бүтін санмен жазылады. Әртүрлі қабат саны бар құрылыстардың көлемін есептеу тиісінше олардың биіктігіне барабар бөліктерге бөлу арқылы жүргізіледі.

103. Бұл ретте қабаттылығы жеке айқындалатын жертөлелерді, мезониндерді, мансард пен басқаларды есепке алмай құрылыстың негізгі бөлігі бойынша ғана айқындалады. Ғимараттардың көлемдері оның белгілері бойынша есептелген кезде ғимараттың бөліктеріне бөліп тұратын қабырға бөліп тұратын қабырғаның реконструкциясына немесе биіктігіне сәйкес келетін реконструкциясы немесе биіктігі бар қабырғасының бөлігіне жатады.

104. Шатырлы жабыны бар ғимараттың көлемі оның алаңын ғимараттың биіктігіне қатынасымен айқындалады, бұл ретте ғимараттың биіктігін бірінші қабатының еденінің деңгейінен бастап шатырлы жабынының үйіндісінің жоғарғы бетіне дейін санау керек.

105. Шатырлы жабыны жоқ ғимараттардың көлемі тік көлденең қимасының алаңының ғимараттың ұзындығына қатынасымен айқындалады. Ғимараттың тік көлденең қимасының алаңы қабырғаларының сыртқы жағынан айнала өлшеу арқылы, жабынының үстіңгі сызығы бойынша және бірінші қабаттың таза еденінің деңгейі бойынша, ал ғимараттың ұзындығы - төменгі қабаттан (цоколдан) жоғары бірінші қабаттың деңгейінде алдыңғы қабырғалардың сыртқы беті жағының арасындағы арақашықтықты өлшеу арқылы айқындалады.

106. Жертөленің немесе төменгі қабаттың ауқымы ғимараттың шығыңқы ірге қабатынан жоғары бірінші қабаттың деңгейінде ғимараттың көлденең қимасы алаңының жертөленің (шығыңқы ірге қабаты) таза еденінің деңгейінен бірінші

қабаттың таза еденінің деңгейіне дейін өлшенген биіктік қатынасымен айқындалады.

107. Жертөлелер немесе жартылай жертөлелері мен бірге ғимараттың жалпы құрылыстық көлемі, ғимараттың жер үстіндегі бөлігінің көлемі мен жертөленің немесе жартылай жертөленің көлемі қосындысымен айқындалады.

108. Жапсар жайлардың (суық жапсаржайдан басқа) көлемі негізгі ғимараттың көлеміне кіреді. Тұрғын үйлер мен жатақханалардың көлемін айқындаған кезде техникалық қабаттар құрылыстың көлеміне кіреді.

109. Мезониннің, мансардының көлемі олардың қабырғаларын еденнің деңгейінде сыртынан айналдыра өлшегендегі көлденең қимасы алаңының биіктігіне қатынасымен айқындалады. Мансарды жаппасының жаппасы қисық сызықты болған кезде орташа биіктігін қабылдау керек.

110. Құрылысты жалпы көлеміне, эркердің, оның ішінде бұйық көлемін ұлғайтатын тамбурдың, жабық өтпелдердің, портиктердің ауқымдары кіреді.

111. Колонналар, пиластралар сәулет бөліктерінің белдеулері ғимараттың көлеміне кірмейді.

112. Құрылыстағы биіктігі бойынша екінші қабаттың шегіне кірмейтін, жүретін жолдар мен арка құрылыстың көлемінен алынбайды. Анағұрлым биік жүру жолдары 50% мөлшерінде құрылыстың көлеміне кіреді.

113. Қызметтік жапсар жайлар мен құрылыс жайлардың көлемдері негізгі құрылыстардың көлеміне ұқсас есептеледі.

114. Құрылыстар мен құрылыс жайлардың техникалық жағдайы олардың конструктивтік элементтерінің табиғи жағдайын көзбен көру арқылы айқындалады.

115. Ғимараттар мен құрылысжайлардың күрделілік тобы мен мерзімдерінің кестесі осы Нұсқаулыққа 11-қосымшада келтірілген.

## **5-тарау. Автомобиль жолдарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау**

**Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

116. Автомобиль жолдарының техникалық зерттеп-қарау объектілері мыналар:

үлкен жылдамдықты жолдар;

магистральдық көшелер;

жалпы қалалық маңызы бар;

аудандық маңызы бар.

Жергілікті қозғалыс көшелері мен жолдары:

тұрғын аудандардың;

өнеркәсіптік және қоймалық аудандардың;  
көлік жүретін жолдары;  
жаяу жүргіншілер жолдары;  
алаңдар;  
елді мекендердің басты алаңдары;  
тұрғын және өнеркәсіптік аудандардың алаңдары;  
театрлар, клубтар, стадиондар мен басқа да қоғамдық ғимараттардың  
алдындағы алаңдар;  
сауда ғимараттарының алаңдары;  
вокзал алаңдары;  
көлік алаңдары;  
көпір алды алаңдар болып табылады.

**Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

117. Қала көшелерінің, жолдары мен алаңдардың қосымша элементтері:  
трамвай жолдарын төсеу, метрополитен желілерін төсеуге арналған арнайы жолақтар;  
велосипед жолдары;  
автомобиль тұрақтары;  
қоғамдық көліктердің аялдамалары мен соңғы пункттері;  
көшелердің көлік жүретін жолдарындағы ойықтарда, үйінділер немесе тау баурайында орналасқан кездегі еңістері;  
еңістердің орнына тірек қабырғалары;  
лотоктарды, жыраларды, су қабылдайтын құдықтарды, су ағатын арықтар мен коллекторларды қоса алғандағы суды бұратын желі.

118. Жолдардың түр сипаты анықталады, көлденең ось бойынша жолдардың ұзындығы өлшенеді, жол жамылғысының көлік жүретін бөлігінің ені өлшенеді.

119. Осы жолдағы қозғалыс жолағының саны белгіленеді, ал магистральдық және жылдамдықты жолдар үшін жер жолағы бөлінісімен әртүрлі бағыттағы көлік жолдары бөліктерінің саны белгіленеді, бөлетін жер жолағының ені өлшенеді.

120. Автомобильдер үшін тұрақ жолағы немесе жоғарыға көтерілген кезде көлік құралдары үшін қосымша жолақ, аялдамалардың, тұрақтардың, су айдайтын каналардың, құдықтардың болуы, жол жабылған жабын түрі, жарық беру элементтерінің болуы және саны мен қосымша көлік жолдарының, жасыл көшеттердің болуы айқындалады.

121. Қоршаулар, бордюр ұзындығы өлшенеді, жол белгілерінің, ескертетін бағандардың, жер асты өткелдері мен басқа да құрылыстардың саны белгіленеді.

122. Тоннель болған кезде оның ені, биіктігі, ұзындығы, қабырға материалы, жабыны, өзгеріске ұшыраған жіктері, ағын суларды бұрып жіберуге арналған дренаж каналдарын, гидрооқшаулауының бүтіндігі өлшенеді.

123. Жаяу жүрушілер өткелдері мен алаңдарды зерттеп-қарау кезінде олардың ені, ұзындығы, конструкция элементтерінің материалы, төсем жабыны мен қоршау материалы белгіленуі тиіс.

**Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

124. Автомобиль жолдарында орналасқан жасанды құрылыс-жайлар, көпірлер, виадуктар, өткерме жолдар, эстакадалар мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жатады.

**Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

125. Аралық құрылыстар түрлері бойынша көпірдің типтері белгіленеді.

126. Көпірлер мен өткерме жолдарды зерттеп-қарау кезде төсемі бойынша ұзындығы қалыптар мен көпірлерде қалыптардың артқы шегі аралығындағы арақашықтығы:

тірек ось аралығындағы жекелеген аралықтардың ұзындығы;

сүйеніштер аралығының ені;

тротуралар немесе сақтандырғыш жолақтардың көлікпен жүру бөлігінің ені;

көпірдің биіктігі, көпір үстінен межеленген сулар, көкжиегіне дейінгі мен судың төменгі деңгейіне дейінгі арақашықтығы (МЖЖ);

көпірдің саңлауы және оның жекелеген аралықтары, көпірдің саңлауы барлық аралықтардың саңлауларының соммасы аралық саңлауы жоғары су көкжиегі деңгейінде өлшенген жарықтағы аралас тіректер арасындағы арақашықтық;

аралық құрылыс биіктігі;

аралық құрылыс және тіректердің негізгі өлшемдері ұзындығы, ені және қимасы;

фермалар, тіректер, тақтайлар осі арасының арақашықтығы өлшенеді.

**Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

127. Жер асты өткелдерін зерттеп-қарау кезінде: оның ені, ұзындығы, биіктігі өлшенеді, қабырға материалы, жабуы, іргетасы, баспалдақ сандары көрсетіледі.

**Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

128. Электрмен жабдықтау, су құбыры, желдеткіш, кәріздерінің болуы белгіленеді.

129. Жол-көпір шаруашылығы құрылыс жайлардың тозуын анықтау бойынша автомобиль жолдарының техникалық жағдайы осы Нұсқаулыққа 12-қосымшаға сәйкес жол көпір шаруашылығы құрылыс жайының тозу пайызын анықтау кестесіне сәйкес белгіленеді.

130. Барлық өлшеулер абриске бір ондық сандық дәлдікпен жазылады.

131. Күрделіліктің бірінші санаты автожолдар мен жолдар немесе құрылыс тығыздығы 20 % дейін, тыныш бедер, төмен қанығы бағбандық және абаттандыру, белсенділігі аз көлік жүрісі бар тіке сызықты қызыл сызығы бар өтетін жолдар.

132. Күрделіліктің екінші санаттағы автожолдары мен өтетін жолдары-көліктің қарқындылығы, саяхат ұзындығы 30%-дан 50% дейін жасыл көшеттері бар, шамалы баурайы (жоғары 1,5 % ), жол немесе транзиттік тығыздығы 20-дан 40 % автожолдар немесе өтетін жолдар.

133. Күрделіліктің үшінші санаттағы автожолы немесе өтетін жолдар жолақтарды көгалдарға бөлу, трамвай жолдары бар, бөлу жолақтары және құрылыс тығыздығы 40% дейін, үзік-үзік рельефі, иілген пішінді автожол немесе өту жолдары, жоғары қарқындылығы күрделі көлік жүрісі бар үлкен автожолдар мен өтетін жолдар.

134. Автомобиль жолдары және өтетін жолдарды мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау кезінде өлшем бірлігіне өту ені 20 метр болғанда - 1 км жол ұзындығы қолданылады. Өту жолының еніне тратуарлардың техникалық ені, жол жиегі, жаяу жүргін жолдар, жасыл желектердің ауданы, көліктерді қоюға арналаған орындары қосылады.

**Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

135. Техникалық паспорттарда автомобиль жолдарының, алаңдардың, бағдаршамдардың, жол белгілерінің, жер асты және жер үсті өткелдерінің, негізгі құрылыс айырықтары, тоннельдердің, теміржол кесіп өту жолдарының орналасуы, көшелердің, алаңдардың атаулары, үйлердің хасбеті желілерімен құрылыс желілері және жолдарға жақын жатқан ғимараттардың жабын шегі мен типтері көрсетіледі.

136. Жоспарлар тиісті масштабта 1:500, 1:1000, 1:2000, 1:5000 сызылады.

137. Осы құрылыс жайлардың техникалық жағдайы оның конструктивтік элементін заттай көзбен көріп тексеру арқылы белгіленеді.

138. Жоспарларда жиектері көрсетіледі.

139. Кесінділерде негізінің қалыңдығы, негізінің ені, шиегінің көлбеуі көрсетіледі.

140. Әрбір ғимаратқа техникалық паспорт жасалады, техникалық паспорттың әрбір бағамдары қысқартусыз толтырылады, материалдар және есептеу жұмыстарының сипаттау негізінде нәтижелері ескеріледі.

141. Техникалық паспорттың екінші парағында "Жалпы мәліметтер" кестесі толтырылады, онда алаңның мөлшері туралы, жолдың ұзындығы туралы, көлік жолының ені, тротуардың ені, жаяу жүргінші жолының ені, бөлетін жер жолағының ені, жол жиегінің ені, жиек бұрышы, үйінді биіктігі туралы, қосымша көлік жолдарының болуы, жарық беру элементтерінің болуы және саны, жолақ сандары мен жасыл желектер саны туралы мәліметтер енгізіледі.

142. Көпірдің сындарлы элементтері, төсем ось бойынша көпірдің биіктігі, көлікпен жүру жолының ені, көпір астындағы бос жердің биіктігі, көпірдің саңылауы мен оның жекелеген аралықтары, аралық құрылыс биіктігі, аралық құрылыстар мен тіректердің негізгі мөлшерлері ұзындығы, ені мен қимасы, тірек ось арасының арақашықтығы, көпірдің негізгі элементтерінің мөлшерлері туралы мәліметтер толтырылады.

143. Өткізгіш құбырлар үшін сыртқы шектері арасындағы құбырлардың ұзындығы, құбырлардың диаметрлері, құбырлардың биіктігі, ені (егер құбыр қимасы дөңгелек болмаса), құбыр қабырғасының қалыңдығы, құбырдың материалы, құбыр бастиегінің материалы мен мөлшері, лотоктарының болуы, оның ұзындығы мен материалы, үйінді биіктігі, көлікпен жүру бөлігінен құбырдың сыртқы қабырғасының деңгейіне дейінгі арақашықтығы көрсетіледі.

144. Тоннельдер үшін тоннельдердің ені, биіктігі мен ұзындығы, қабырғаларының сындарлы элементтері, жабуы, жабыны, өзгеріске ұшыраған жіктерінің болуы, тоқтау суларды ағызуға арналған дренаж арналардың болуы, гидрооқшаулауының тұтастығы толтырылады. Кесіп өту үшін кесіп өту ені, төсем материалы көрсетіледі.

## **6-тарау. Теміржолдарды мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау**

**Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

145. "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес теміржолдардың мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауға жататын жылжымайтын мүлік объектілері:

- магистральдық теміржолдар;
- станциялық теміржолдар;
- кіре беріс теміржолдары;



басқа да құрылысжайлар болып табылады.

Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

146. Ғимараттар мен құрылысжайларды техникалық зерттеп-қарау кезінде тексерілетін объектілердің мақсатын анықтау қажет.

Ескерту. 146-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

147. Теміржолдар жер жамылғысынан, жасанды құрылысжайлардан және жоғарғы құрылыстан тұрады, осы Нұсқаулыққа 13-қосымшаның теміржол сипатына сәйкес (бұдан әрі – Теміржолдардың сипаттамасы).

148. Жер жамылғысы теміржолдың іргетасы, ал жасанды құрылыстар жол шаруашылығының құрамдас бөлігі болып табылады.

149. Теміржолдар бойына бағдар қызметін атқаратын жол және дабыл белгілері қойылады, сонда теміржолдардың пайдалану мақсаты белгіленеді: жүк түсіру, арту.

150. Теміржолдардың ұзындығы жолды басынан аяғына дейін өлшеумен анықталады, жол (километр, пикеттік бағандар) белгілерінің, СЦБ құрылғыларының және байланыстың болуы және саны белгіленеді. Темір жол сипаттамасына сәйкес айдап әкетуге қарсы құрылымдардың, олардың типтерінің, санын теміржол сипатына сәйкес болуы анықталады.

151. Балластың түрі, қабатының қалыңдығы 1 км жолға 1840-2000 дана есебінен шпалдардың типі мен олардың саны, рельстің типі, оның ұзындығы, километр қорының болуы мен саны анықталады, жолтабанның ені анықталады.

152. Станциялық платформаларды зерттеп-қарау кезінде платформалардың ені, ұзындығы, жабыны, станциялық платформаның, рельстің басынан басталатын биіктігі, платформалардың түсетін баспалдақтарының және қоршауларының өлшемдері анықталады.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Жаяу жүргіншілердің өтпелерін зерттеп-қарау кезде конструкцияның ені, ұзындығы, биіктігі, элементтерінің материалдары, төсем жабыны, қоршаулардың материалы белгіленуі тиіс.

Ескерту. 153-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

154. Теміржолдың бойында орналасқан жасанды құрылыстар: көпірлер, виадуктар, өткерме жолдар, эстакадалар мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауға жатады.

**Ескерту. 154-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

155. Дала жұмыстарын жүргізген кезде тоннельдің ені, биіктігі, ұзындығы, қабырғаларының, жабуларының материалы, өзгеріске ұшыраған жіктердің, ағынды суларды бұруға арналған кәріз арналарының, гидрооқшаулаудың тұтастығы және басқа да мөлшерлер өлшенеді.

156. Өтпелерді зерттеп-қарау кезінде өтпенің ені, көлденең алаңдардың, көлбеулердің, төсем материалының, автоматты немесе қол шлагбаумның болуы және қызметтік үйлердің мөлшерлері белгіленеді.

**Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

157. Теміржол сипаттамасына сәйкес аралық құрылыстардың түрлері бойынша көпірлердің типтері белгіленеді.

158. Көпірлерді және өткерме жолдарды зерттеп-қарау кезінде:

темір жолдар сипатына сәйкес тіреулері бар көпірлерің төсем бойынша ұзындығы - тіреулердің қалыптардың артқы шегі арасындағы қашықтық;

тірек осьтерінің арасындағы жекелеген аралықтардың ұзындығы;

таяныштар арасындағы ені;

тротуарлардың немесе сақтандырғыш жолақтардың көлік жүретін бөлігінің ені;

көпірдің биіктігі (көпірдің үстінен межеленген (МЖЖ) сулардың төменгі деңгейіне дейінгі қашықтық);

көпірдің және оның жекелеген аралықтарының саңылаулары (көпірдің саңылауы - барлық аралықтар саңылауларының сомасы, аралықтың саңылауы жоғарғы сулардың жиегі деңгейінде өлшенген аралас тіреулер арасындағы жарықтың қашықтық);

аралық құрылыстың биіктігі;

аралық құрылыстар мен тіреулердің негізгі өлшемдері, ұзындығы, ені және қимасы;

фермалар, тіреулер, тақтайлар біліктерінің арасындағы арақашықтық өлшенеді.

**Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

159. Станциялық жерасты өткелдерін зерттеп-қарау кезінде ені, ұзындығы, биіктігі өлшенеді, қабырғалардың, жабындардың, іргетастың материалдары, сатылардың саны көрсетіледі.

**Ескерту. 159-тармақ жана редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

160. Электрмен жабдықтаудың, су құбырының, желдеткіштің және кәріздің болуы анықталады.

161. Дала жұмыстарын жүргізу процесінде:

байланыс сымдарының, бағыттама түйіндердің, көтергіш тростардың байланыс желісінің, аспалы пунктердің, байланыс желісінің қиылысу түйіндерінің, тұрақты тоқтың және байланыс желісінің басқа да элементтерінің қуаттайтын, қуат беретін және ажырататын (кері) кабель желілерін жалғау орындарындағы тұрақты бағдарларға (үйлерге, күрделі құрылыстарға, тіректерге және т.б.) қатысты жергілікті жердегі жағдайы (кескінде);

байланыс сымдары мен аспалы тростардың материалы және қимасы, сондай-ақ асып қою биіктігі (жерден қамыттарға, қабырға ілгектерге);

байланыс желілерін асып қою жүйесі;

тұрақты тоқты қуаттайтын, қуат беретін және ажырататын (кері) кабель желілерінің материалы және қимасы;

ауыспалы тоқтың жоғары вольтты желілеріне қуат беретін сымдардың материалы, қимасы және саны;

тіректердің материалы, олардың типтері, қимасы, еркін биіктігі және мүмкінді жүктемесі (тірекке) кг;

кронштейндердің типі (бір иықты, екі иықты) анықталады.

162. Байланыс желісі тірегінің жергілікті жағдайы тұрақты бағдардан немесе алынатын жүрістен басталатын белгілермен (екіден кем болмайтын) анықталады.

163. Байланыс желілерінің ұзақтығы өлшеуіш құралдармен, оның ішінде тірек орталықтарының арасындағы болат лентамен, ал тіректің жергілікті бағдарға немесе алынатын жүріске байламы созылмалы рулеткамен сондай-ақ басқада электрондық өлшеу құралдарымен өлшенеді.

164. Байланыс желісінің тіректері пайдаланатын ұйыммен келісу бойынша берілген реттік нөмірлермен нөмірленеді.

165. Байланыс желілерін, сондай-ақ тіректерді асып қою биіктігі тапсырыс берушінің техникалық құжаттамасының материалдарынан анықталады.

166. Қарауға қол жетімді құрылыс жайдың техникалық жай-күні жүргізілген зерттеп-қарау негізінде олардың конструктивті элементтері бойынша белгіленеді. Темір жолдардың техникалық жай-күні пайдаланушы ұйым арнайы өлшеуіш құралдармен анықтайды.

**Ескерту. 166-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

167. Техникалық паспорттарда теміржолдардың, бағыттағыш аудармалардың, дабыл және жол белгілерінің орналасуы, станциялық жерасты және жерүсті өткелдер, оның ішінде негізгі құрылыстарға байламдар көрсетіледі. Техникалық паспорттарға Теміржол сипаттамасына сәйкес көрсетілуі тиіс: жолдардың (көшелердің) атауы, үйлердің қас беттерінің желілері мен құрылыс желілері, жабын шектері мен типтері, СЦБ мен байланысты құрылыстарының қызметтік-техникалық ғимараттары, ЭБЖ-пен және басқа да құрылыстармен қиысулары темір жол сипатына сәйкес.

168. Жоғарыда көрсетілген жоспарлар тиісті масштабта 1:1000, 1:2000, 1:5000 жасалуы тиіс.

169. Аталған құрылыс жайлардың техникалық жай-күні темір жолдардан басқа олардың конструктивті элементтерін заттай көзбен көріп зерттеп-қарау арқылы анықталады.

**Ескерту. 169-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

170. Теміржол сипатына сәйкес жоспарларда темір жолдың жер жамылғысының еңісі көрсетілуі тиіс.

171. Станцияның әрбір жолының оған берілген нөмірі болуы тиіс. Басты жолдар рим цифрларымен нөмірленеді: тақ сан бағыты бойынша – тақ сандармен, жұп сан бағыты бойынша - жұп сандармен.

172. Жалпы желідегі теміржолға бір уақытта жолдың бағыттарының бірінен екі бағыты және жолдың басқа бағытынан бір бағытты кіреберіс жолдар қосылған кезде, бір бағыттағы жолға III нөмір беріледі.

173. Қабылдап-жөнелту жолдары басты жолдың нөмірінен кейінгі нөмірден бастап араб цифрларымен нөмірленеді, бұл ретте транзит қозғалысы бар станцияларда жұп санды пойыздарды қабылдауға арналған жолдар жұп сандармен, ал тақ санды пойыздарды қабылдауға арналған жолдар тақ сандармен нөмірленеді.

174. Пойыздардың транзиттік қозғалысы жоқ өнеркәсіптік кәсіпорындардың станцияларында қабылдау және қабылдау және жөнелту жолдарын дербес парктерге біріктіру, сондай-ақ жұп санды, сондай-ақ тақ санды пойыздарды қабылдау үшін пайдаланылатын, аз ғана қабылдап-жөнелту жолдары бар станцияларда және бір бағытты темір жолдар станцияларында қабылдап-жөнелту жолдарын нөмірлеу станциялық үйден дала жаққа қарай басты жолдардың нөмірлерінен кейін реттік нөмірлермен жүргізіледі.

175. Жекелеген парктердің (парктік) жолдары реттік араб цифрларымен нөмірленеді, бұл ретте әрбір парктің әріптік белгісі болады. Парктердің құрамына кірмейтін қалған станциялық жолдар парктік жолдардың соңғы нөмірінен кейінгі нөмірден бастап, жолдардың станцияға сыртқы кіре берісі жағынан, сосын кәсіпорындардың және олардың жүк пункттерінің кіре берісі жағынан араб цифрларымен нөмірленеді.

176. Парктерде станциялық үйлер жоқ болған кезде жолдарды көлденең бағытта нөмірлеу солдан оңға қарай километр есебі бойынша немесе басты жолдардан бастап жүргізіледі.

177. Бағыттама аудармалар жұп санды пойыздардың келу жағынан реттік жұп нөмірлермен (араб цифрларымен), тақ санды пойыздардың келу жағынан – реттік тақ сандармен (араб цифрларымен) нөмірленеді.

178. Пойыздардың транзиттік қозғалысы жоқ өнеркәсіптік кәсіпорындардың станцияларында жолдардың сыртқы кіре берісі жағынан станциялардың қылтасында орналасқан бағыттамаларға тақ санды нөмірлер, ал кәсіпорындардың және олардың жүк пункттерінің кіре берісі жағында орналасқан бағыттамаларға - жұп санды нөмірлер беріледі.

179. Үлкен дамыған жолы бар станцияларда бағыттамаларды нөмірлеу жұмыс сипаты бойынша біртектес жекелеген парктер немесе жол топтары бойынша жүргізіледі.

180. Бағыттамаларды нөмірлеу жолдарда орналасқан (жекелеген парктер бойынша нөмірлеу кезінде) кірулерден бастап жүргізіледі. Бағыттама көшесі бойынша жатқан бағыттамалар, сондай-ақ жұпталған бағыттамалар үздіксіз тақ санмен немесе жұп санмен нөмірленуі тиіс (мысалы, 1;3;5;7;6;8;10;12). Тақ санды жақты жұп санды жақтан бөліп тұратын шекара ретінде станцияның (парктің) даму жолына қатысты оның орталықта орналасуы және жол парктерінің (топтарының) үй орталықтан тыс орналасқан немесе ол болмаған кезде станциялық үйдің осі қабылданады.

181. Станцияларды ішінара қайта құру кезінде бағыттамалардың қолданыстағы нөмірленуі сақталады.

182. Тіліктерде балласт қабатының қалыңдығы, жер жамылғысының ені, еңістердің көлбеуі көрсетіледі.

183. Техникалық паспортта сипаттау негіздегі материалдар есептеу жұмыстарының нәтижелері көрсетіледі.

184. Әрбір құрылысжайға техникалық паспорт жасалады. Техникалық паспорттың титул парағында барлық қажетті деректер толтырылады, техникалық паспорттың барлық бағандары қысқартуларсыз толтырылады.

185. Техникалық паспорттың екінші парағында "Жалпы мәліметтер" кестесі толтырылады, оған: олардың ұзындығы, шпалдардың болуы туралы мәліметтер

жазылады, шпалдардың материалы және саны бағыттама аудармалардың болуы: айқастырма маркасы, бағыттама аударманың бағыты, ұзындығы, бағыттама аударманың жақтылығы (бір немесе екі жақтылығы); рельс типі; бағыттама аудармалардың рельсасты негізі (брустардың, шпалдардың саны); балласт түрі, қабат қалыңдығы, айдап әкетуге қарсы құрылымдар (саны және типі) көрсетіледі.

186. Теміржолдар рельсінің типі, олардың ұзындығы, теміржолдар бойынша балласт түрі, балласт қабатының қалыңдығы, айдап әкетуге қарсы құрылымдардың болуы, олардың саны және типтері, жолдардың мақсаты көрсетіледі.

187. Көпірдің сындарлы элементтері туралы мәліметтер, көпірдің төсем осі бойынша ұзындығы, көлік жүретін жолдың ені, көпірдің биіктігі, көпір астындағы бос биіктік, көпірдің және оның жекелеген аралықтарының саңылауы, аралық құрылыстың биіктігі, аралық құрылыстар мен тіректердің негізгі өлшемдері (ұзындығы, ені және қимасы), тірек остерінің арасындағы арақашықтық, көпірдің негізгі элементтерінің өлшемдері толтырылады.

188. Қайта іске қосу құбырлар үшін сыртқы шектер арасындағы құбырдың ұзындығы, құбырдың диаметрі, биіктігі, ені (егер құбырдың қимасы дөңгелек болмаса), құбыр қабырғасының қалыңдығы, құбырдың материалы, құбыр басының материалы және өлшемдері, лотоктың болуы, оның ұзындығы және материалы, төсемнің биіктігі, көлік жүретін жолдың деңгейінен құбырдың сыртқы қабырғасының деңгейіне дейінгі арақашықтық көрсетіледі. Егер қайта іске қосу құбырлары екі және одан да көп болса, жоғарыда көрсетілген деректер олардың әрбіреуі бойынша құбырлардың біліктері арасындағы арақашықтықты қосумен толтырылады.

189. Тоннельдер үшін келесі мәліметтер толтырылады: тоннельдердің ені, биіктігі және ұзындығы, қабырғалардың, жабулардың, жабындардың сындарлы элементтері, өзгеріске ұшыраған жіктердің, сарқынды суларды бұруға арналған кәріз арналарының болуы, гидроқшаулаудың тұтастығы.

190. Станциялық платформалар, станциялық жерасты өтулер, жаяу жүргіншілер өтетін жолдар үшін келесі мәліметтер толтырылады: ені, ұзындығы, биіктігі (платформалар үшін станциялық платформаның рельстің басынан басталатын биіктігі), қондырғы элементтерінің материалы, төсем жабыны, басқыштар саны, суағардың болуы (станциялық жерасты өтулері үшін), электрмен жабдықтау, инженерлік коммуникациялар (электрмен жарықтандыру, су құбыры, желдеткіш, кәріз), ал өтпелер үшін өтпелердің ені мен төсем материалдары көрсетіледі.

**7-тарау. Жасыл екпелерді мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау**

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

191. Жасыл екпелердің мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау объектілері: жасыл екпелер, оның ішінде, ағаштар, бұталар, гүлзарлар, көгалдар; құрылыстар, оның ішінде орындықтар, жолдар, мүсіндер, шағын сәулет нысандары болып табылады.

Ескерту. 191-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

192. Техникалық сипаттамаларды айқындау мыналардан:  
нақты шекараларын енгізе отырып, жер учаскесінің түсірілімінен;  
жергілікті жерге бекітілуден;  
сызықтық өлшеулерді жүргізуден;  
жер учаскесінің жоспарын жасаудан, учаскеде орналасқан объектілердің ахуалды сызбаларын жасаудан;  
техникалық сипаттамадан;  
материалдарды айқындаудан;  
ағаштардың түрлерін, жасын анықтаудан;  
есептеу жұмыстарын жүргізу және жылжымайтын объектілердің техникалық паспортына зерттеп-қарау жүргізу нәтижелерін енгізуден тұрады.

Ескерту. 192-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

193. Ағымдағы зерттеп-қарап тексерулер жаңа екпелер егілгенде немесе кесілгенде жүргізіледі, жер учаскесінің шекаралары өзгерген жағдайда техникалық паспорт жаңартылады.

Ескерту. 193-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

194. Жасыл екпелерді зерттеп-қарау кезінде объектілердің жалпы алатын ауданы, оның ішінде ағаштар, бұталар, гүлзарлар, көгалдар, жолдар, құрылыстар мен құрылыс жайлардың аудандары белгіленеді.

Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

195. Диаметрі 1,3 метр (ағаштар үшін) биіктіктегі ағаштар мен бұталардың саны, екпелердің түрлері, тұқымы, жасы, жағдайы анықталады.

196. Объектін есепке алу үшін зерттеп-қарау кезінде, ол жолдармен немесе ішкі ахуалдың басқа тұрақты контурларымен шектелген шартты учаскелерге бөлінеді.

**Ескерту. 196-тармақ жана редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

197. Есептік учаскелерге реттік нөмірлер беріледі.

198. Абристі әзірлеу барысында, есептік учаскеде орналасқан жасыл екпелерге есеп жүргізіледі:

өтпелі жолдарда орналасқан ағаштарға;

екпе түрлеріне қатарлап, топтап егу, ағаштардың нөмірі, тұқымы, жасы, диаметрі, қалыптасып келе жатқан ағаштар жағдайы белгіленеді;

скверлер, бақтар мен бульварларда орналасқан ағаштарға, кірме жолдардағы ағаштардың реттік нөмірінен басқа барлық деректер жазылады;

парктердің есептік учаскелерінде орналасқан ағаштарға, орман, екпелердің түрлері, тұқымның басым құрамы, екпелердің толықтығы, (1 га ауданындағы ағаштардың саны), орташа жасы, жағдайы, бұталардың екпелердің түрлері (аллеялық, топтастырып егу), тұқымы, жасы, бұталар саны, қатарлап (аллеялық) егу үшін ұзындығы осы Нұсқаулықтың 14- қосымшасының Жасыл екпелердің сызбалары мен кестесінде көрсетілген (бұдан әрі – Жасыл екпелердің сызбалары мен кестесі).

199. Көгалдар мен гүлзарлар ауданы бойынша есептеледі, көпжылдық гүлдер, бұдан басқа, есептік учаскедегі бұталардың саны бойынша есептеледі.

200. Абристе, есептік учаскеде ағаштер мен бұталардың саны тұқымы бойынша көрсетіледі.

201. Абристе жабдықтар мен бақты шағын сәулет нысандарының сандары, орындықтар, мүсіндер, гүл вазалары, қоқыс жәшіктер, урналар, электр шамдары көрсетіледі.

202. Жер учаскесін түсіру барысында барлық құрылыстар өлшенеді, тротуар жолдарының жабын материалдары анықталады.

203. Жасыл екпелерде орналасқан құрылыстар, жер асты және жер үсті құрылыс жайлар тиісті нұсқаулықтар бойынша есептеледі.

204. Электрмен жабдықтаудың, су құбырларының, желдеткіштердің, кәріздің болуы анықталады. Ағаштардың жасын, тұқымын және бұталардың және ағаш тұқымдарын энтомофитопатологиялық тексеру жасыл екпелердің көгалдандыру мамандарының қатысуымен Жасыл екпелер сызбасы мен кестесіне сәйкес жүргізілуі тиіс.

205. Жасыл екпелердің түгендеу жоспарында Жасыл екпелердің сызбасы мен кестесіне сәйкес өту жолдарының, көшелердің, алаңдардың, су жиегінің есептік



учаскелерін нөмірі, әрбір ағаштың және есептік учаскенің шегінде оның нөмірі көрсетіледі.

206. Парктің, орман паркінің түгендеу жоспарына: жыралар, алаңқайлар, тоғандар және басқа жағдайлар енгізіледі.

207. Ағаш-бұталар өсімдіктері шартты белгілермен көрсетіледі.

208. Үйдің ішкі және үй төнірегіндегі аулаға отырғызылған скверлерді, бақтарды, бульварларды есепке алған кезде әрбір есептік учаскенің жоспарына отырғызылған барлық ағаштар, бұталар (аллеялық отырғызу) тірі шарбақтар, гүлзарлар және көгалдар, топтап егілген ағаштар мен бұталар енгізіледі.

209. Тексерілетін объектінің ауданы жоспар бойынша бір тәсілмен қарапайым геометриялық фигураларға бөлумен, аналитикалық есептеледі.

210. Түгендеу жоспары объектінің ауданына байланысты жоспары 1:500 масштабында жасалатын көшедегі егілген екпелерден басқа.

жоспарларды келесі масштабтардың бірінде жасауды ұсынамыз:

егер екпелердің ауданы 5 га дейін 1:50;

егер екпелердің ауданы 5 тен 25 га дейін 1:1000 немесе 1:2000;

егер екпелердің ауданы 25 га артық болса 1:2000 немесе 1:5000.

211. Техникалық паспорттың негізгі бетінде деректер толтырылады.

212. Техникалық паспорттың негізгі бетінің барлық бағандары қысқартуларсыз толық толтырылады.

213. Техникалық паспорттың екінші парағында "Жалпы мәліметтер" кестесі толтырылады, онда көшенің ұзындығы туралы мәліметтер (өту), оның ішінде көгалдандырылған бөлігінің ұзындығы, өту жолының орташа ені, объектінің жалпы ауданы (өту жолы, парк, бульвар және т.б.), жабын ауданы, жабын материалы, жасыл сквер екпелердің ауданы (ағаштар, бұталар, гүлзарлар, көгалдар (ағашсыз), ағаштардың саны мен тұқымы көрсетіледі.

## **8-тарау. Қалалық электр көлігі желілерін бастапқы және кейінгі мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау**

**Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

214. Қалалық электр көлігі желісін техникалық зерттеп-қарау объектілері:

трамвай депосы (барлық құрылыстарымен, құрылысжайлармен, трамвай жолдарымен және байланыс торабымен, сондай-ақ депоға кіреберістегі жолдар мен байланыс торабы);

троллейбус депосы (барлық құрылыстарымен, ғимараттарымен және байланыс торабымен, сондай-ақ депоға кіреберістегі байланыс торабы);

тартымды қосалқы кіші станция;

трансформаторлық қосалқы кіші станция;

трамвайдың немесе троллейбустың соңғы пунктіндегі станция (аралық пункттегі күту павильоны);

барлық конструктивті элементтері бар (жоғарғы, төменгі құрылыстар және жер төсемі) трамвай жолдары, кәріз құрылғылар және бағыт шегіндегі төсем жабыны (тас төсем) бағыт шегіндегі трамвайдың байланыс торабы;

қуат беретін, қоректендіретін және сорғыш (кері қарай) кәбіл желісі;  
жоғары вольтті электр желісі болып табылады.

**Ескерту. 214-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

215. Бағыт - екі соңғы межелер арасында трамвайдың немесе троллейбустың бағыттағы қозғалысы. Негізгі (басты) бағыттан тармақталған дербес бағыт болып табылады.

216. Трамвай троллейбус депосының әрбір негізгі ғимаратына тұрғын емес үй-жайдың құрылысына техникалық паспорт және 1:100 немесе 1:200 масштабында әр қабаттық жоспар жасалады. Бұдан басқа, 1:500 немесе 1:1000 масштабта депо аумағының ахуалдық жоспары жасалады.

217. Трамвай жолдарына техникалық ситуациялық паспорт 1:500 немесе 1:1000 масштабында трамвай бағыты жолдарының жоспары жасалады, оған дренаждық құрылғылар, төсем жабындары, жоларалық қосылыстар, тұрақты тоқтың кәбілдік сорғыш желілерін қосу пункттері, пикеттер, плюстік нүктелер және басқалары енгізіледі.

218. Бұдан басқа трамвай жолдарына:

көлденең - 1:1000, тігінен - 1:200 масштабтағы бойлық пішіндер;

көлденең - 1:200, тігінен - 1:100 масштабтағы көлденең пішіндер;

1:200 масштабта трамвай жолдарының (қиылыс орындарының, тармақтарының, бағыттама аудармаларының) тораптарының жоспары жасалады.

219. Трамвайдың немесе троллейбустың байланыс желілеріне: жоспарға 1:500, 1:1000 масштабта байланыс техникалық паспорты желісі жасалады, аспалы тросстарды, кронштейндарды, тіректерді, электр тұйықтағыштардың ілу нүктелері енгізіледі.

220. Сызбалық жоспар трамвай жолдарының бағыттары, троллейбустың және басқа да қалалық электр көлігінің түйіспелі желілері, сондай-ақ трамвай жолдарының сызбалық жоспарлары, әрбір бағыттың байланыс желілері көрсетіліп жасалады.

221. Ғимараттар, әуе және жерасты (кәбілді) электр желілері және құрғатқыш дренажды қосы Нұсқаулықтарда жазылған тәртіппен ескеріледі.

222. Дала жұмыстары геотүсірілімдердің планшеттерінен алынған көшірмелерін пайдаланушымен (көшелерді, жағалауларды) және бағыттың трамвай жолдары орналасқан басқа жоспарлардың бағыты орындалады. Бұл ретте трамвай жолдарының, тораптардың (айқаспалардың, бағыттама аудармаларының), жол аралық қосылулардың оның ішінде өту жолдарының жоспарларының, трамвай төсемдерінің жабын типтері шеңберлерінің, құрғатқыш құрылғылар жағдайларының натураға сәйкестігі тексеріледі. Жетіспейтін жағдай бойынша қосымша түсірілім жүргізіледі, қосымша түсірілімнің нәтижелері абриске енгізіледі.

223. Дала жұмыстарын жүргізу барысында:

1) трамвай жолының жоғарғы құрылысы:

рельстердің түрлері (теміржол немесе трамвайлық, теміржол, су ағызатын) және олардың бекітініші (жапсырмалар, төсемдер, оның ішінде балдақтар, шуруптар);

жолға бұру тетігінің түрлері (құйылған, жиналған), радиустар, жолға бұру тетігінің бағыты (оң, сол), төселген жылы және зауыт нөмірлері;

айқаспалардың түрлері (құйылған, пісірілген, жинақталған трамвайлық немесе теміржол), айқаспалар бағыттары (оң, сол), төселген жылы және зауыт нөмірлері;

жолға бұру тетігінің қиылыстарының түрлері (құйылған, пісірілген, жинақталған), жолға бұру тетігінің қиылыстарының бағыттары (оң, сол), төселген жылы және зауыт нөмірлері;

тұйық қиылыстар түрлері және төселген жылы;

компенсатордың түрлері мен саны;

электр тұйықтағыштардың саны.

2) трамвай жолдарының негізі (төменгі құрылысы) - шпалдық (шпалдар мен балластардан), шпалсыз (бірқабатты немесе екі қабатты бетон тақталардан), жинақталған темір бетоннан (жазық рамалардан, панельдерден, блоктардан, рельс асты жайылымдар);

3) учаскедегі шпалдар саны және олардың материалдары;

4) балласт материалы, құм, қиыршықтас, шағалтас;

5) соңғы пункттердің конструкциясы (тұйық, үшбұрыш, сақиналы);

6) трамвай төсемі жабылғысының материалы;

7) трамвай төсемінің және рельстің жергілікті жердегі жағдайы анықталады.

Төсемнің екі жағы бойынша сыртқы рельстердің бойымен өтетін жолақтың сыртқы жолы трамвай төсемінің шекарасы болып саналады. Жолақ жолдың жүру бөлігіндегідей киім түрімен жабылған және оны тікелей бөлу мүмкін болмаған жағдайда, "таспашаның" ені 0,5 м болып қабылданады.

224. Трамвай алаңдары қауіпсіздік шағын аралдары трамвай төсемдерінің тиісті есептік учаскелеріне енгізіледі және жоспарда реттік нөмірлермен белгіленеді.

225. Трамвай жолдарының ұзындығы трамвай төсемдерінің білігі бойынша электрондық өлшем құралымен өлшенеді, сонымен бір мезгілде пикеттерге бөлінеді. Пикеттер мен плюстік нүктелер метал істіктермен бекітіледі. Пикет нөмірлері және плюстік нүктелер жағдайлары майлы бояумен тіректерде және басқа да күрделі құрылыстарда немесе рельстердің мойнағында жазылады.

226. Қисық сызықтың, сондай-ақ тораптардың (жолға бұру тетігінің, айқастардың, бағыттағыш қиылыстарының), жоларалық қосылулардың (тұйықтағыштардың) және трамвай жолдарының басқа да элементтерінің басындағы, ортадағы және соңындағы жағдайы бекетті бөлу кезінде түсірілім барысынан айқындалады.

227. Қисық учаскелердегі бұрылу бұрышы бұрышты өлшеу құралымен (теодолитпен) өлшенеді, ал қисықтың (радиус, биссектриса, тангенс ұзындығы) элементтері тиісті кестелер бойынша анықталады.

228. Жолдарды көлденең нивелирлеу вагонның жүру бағытымен оң жақ басы бойынша жүргізіледі.

229. Көлденең нивелирлеу еңістің өзгерген жерлерінде жүргізіледі.

230. Трамвай жолы негізінің (төменгі құрылысының) тікелей тексеру үшін жасырын және қол жетімсіз элементтерінің сипаттамасы құрылыс және пайдаланушы ұйымдардың деректері негізінде немесе шурфтеу нәтижелері бойынша жасалады. Шурфтерді тесу орындары және олардың саны пайдаланушы ұйыммен келісіледі.

231. Трамвай жолының жоғарғы және төменгі құрылысының техникалық жағдайын (тозу пайызын) пайдаланушы ұйымдардың мамандары анықтайды.

232. Далалық түсірілімдер негізінде трамвай жолдарының, дренаж құрылғыларының, төсем жабындары шекараларының, "жолақтардың", "қауіпсіз шағын аралдардың", жолаушыларға арналған павильондардың, аралық және түпкілікті станциялардың, тұрақты токтың сору (кері) кабель желілері қосылған пункттерінің тұратын орындары көрсетілетін депо және көше аумақтарының түгендеу жоспарлары жасалады.

233. Тозу пайызы бойынша ерекшеленетін трамвай төсемі жабынының учаскелері жоспарда пунктир сызығымен белгіленеді. Әрбір осындай учаскеге жабынның типіне қарамастан реттік нөмір беріледі. Есепке алу учаскелерінің басы мен аяғындағы жабын типтері жоспарда қабылданған шартты белгілерге сәйкес иллюминацияланады

234. Жол жүру жағалау жоспарында: трамвай жолдары, трамвай төсемі жабындарының типтері мен қасбеттік сызықтардың шекаралары - тұтас

сызықпен қара тушпен, трамвай төсемінің "жолақтары" – пунктир сызығымен қара тушпен, сору (кері) кабель желілерінің трамвай жолдарына қосылған пункттері қара тушпен боялған үшбұрыштар мен салынады.

235. Бағыттың трамвай жолдарының жоспарында: пикеттер мен плюстік нүктелердің нөмірлері, тікелей учаскелердің ұзындығы көрсетіледі. Бұдан басқа, жоспардың оң жағында жолдың қисық учаскелері элементтерінің кестесі (бұру бұрышы, радиус, тангенс, қисық сызық, биссектриса) мен олардың көрсеткіштері келтіріледі.

236. Дренаж құрылғыларының тұратын орындары жоспарға қоңыр тушпен салынады.

237. Трамвай жолдарының әрбір торабына бағыттама аудармалар және жолдардың қосылысы жоспарға қисық сызық элементтері мен олардың көрсеткіштері көрсетіліп, 1:200 масштабында жасалады.

238. Трамвай жолы бойлық кескінінің сызбасында көрсетіледі:

пикеттер мен плюстік нүктелерді нөмірлеу;

алымында–еңіс мөлшері, бөлгіште-еңіс ұзындығы;

рельс басының белгілері (абсолютті немесе шартты);

пикеттер мен плюстік нүктелер арасындағы арақашықтық.

239. Трамвай жолының көлденең кескіні, жолдың, көшенің қызыл қасбеттік сызықтарының шегінде жасалады. Бұл ретте сызбада рельстер бастарының, кювет түбі мен жиегінің, шілтерлер, тас төсеу шекараларының және басқа да тән нүктелердің белгілері көрсетіледі.

240. Трамвай жолдары мен трамвай төсемінің құрамында болған өзгерістер жоспарда және техникалық паспортта мынадай ережелер сақталып, ескеріледі: рельстер мен шпалдарды басқалармен ауыстыру, трамвай жолдарын басқа жерге ауыстыру, трамвай төсемі жабындары типтерінің шекараларының өзгеруі жоспарды қайта сызуға және жаңа техникалық паспортты жасауға әкеп соғады.

241. Дала жұмыстары геотүсірілім планшеттерінен, жол жүру (көшелер, жағалаулар) жоспарларынан және троллейбус (трамвай) бағытының байланыс торабы желісі салынған басқа жоспарлардың көшірмелерін пайдаланумен орындалады. Бұл ретте байланыс сымдарының, аспалы тростардың, асу пункттерінің, троллейбус жолға бұру тетігінің, қабырға ілгектерінің, тіректердің орналасуларының натуралық жағдайымен сәйкестігі тексеріледі. Байланыс желісінің жетпейтін элементтері қосымша түсіріледі, қосымша түсіру нәтижелері абриске енгізіледі.

242. Трамвай байланыс желілерін техникалық есепке алу бойынша натуралық жұмыстарды трамвай жолдарын түсірумен бір уақытта жүргізу ұсынылады.

243. Дала жұмыстарын жүргізу процесінде анықталады: байланыс сымдарының, бағыттамалық тораптардың, салмақ түсетін тростардағы

троллейбустың байланыс желісінің, асу пункттерінің, байланыс желілерінің қиылысу тораптарының, тұрақты тоқты қосатын, қуат беретін және соратын (кері) кабель желісінің қосылатын жерлерінің және байланыс желісінің басқа элементтерінің тұрақты бағдарларына (ғимараттарына, күрделі құрылыстарына, тіректеріне) қатысты жергілікті жердің жағдайы;

байланыс сымдары мен аспалы тростардың материалы мен қимасы, сондай-ақ аспа биіктігі (жерден немесе жол жүрудің жабынынан хомуттарға, қабырға ілгектеріне дейін);

трамвай мен троллейбустың байланыс желілерінің аспа жүйесі (қарапайым, бойлық – және көлденең-тізбекті, полигонды, орталық);

тұрақты тоқтың қуат беруші, жеткізуші және сору жүйесі (кері) кабель желілерінің материалы мен қимасы;

айнымалы тоқтың жоғары вольтты желілеріне қуат беруші сымдардың материалы, қимасы және саны;

тіректердің материалы, олардың типі, қимасы, еркін биіктігі (жер немесе жабын бетінен шамдардың кронштейндердің биіктігінен ескермегенде тіректің басына дейін және рұқсат етілетін жүктеме (тірекке) килограмда;

кронштейн түрлері (бір иықты, екі иықты).

244. Троллейбусты (трамвай) байланыс желісі тіректерінің жергілікті жердегі жоғарыны тұрақты бағдарлардан (ғимараттардан, күрделі құрылыс жайдан) немесе түсіру барысынан жасалған таңбамен (кемінде екеу) белгіленеді.

245. Байланыс желілерінің ұзындығы өлшеу құралдарымен, оның ішінде тіректердің арасындағы желілерінің болат жолақпен, ал тіректердің жергілікті бағдарларға немесе түсіру барысына байламы - тесьмалық өлшеуішпен, сондай-ақ басқа да электронды өлшегіш құралдарымен өлшенеді.

246. Байланыс желісінің тіректері пайдаланушы ұйыммен келісім бойынша реттік нөмірлермен нөмірленеді.

247. Байланыс желілері аспаларының, сондай-ақ тіректердің биіктігі теодолиттің көмегімен өлшенеді, байланыс желілерінің техникалық жағдайын пайдаланушы ұйымдардың мамандары анықтайды.

248. Дала түсірілімдерінің негізінде троллейбустың (трамвайдың) байланыс желісінің, кронштейндері бар тіректердің, аспалы тростардың, қабырға ілгектерінің, троллейбус сілтемелерінің түйіндерінің, қисық ұстаушылардың, компенсаторлардың, тұрақты тоқтың кабельдік желілеріне қуат беретін және сорғыш (кері) байланыс желілерінің қиылысу пункттері және олардың қосылу пункттерінің тартқыш қосалқы станциялардың, "қауіпсіз аралшықтарды", троллейбус аялдамаларын, жолаушыларға арналған павильондарды қуат беретін айнымалы тоқтың жоғары вольтті желілерінің жағдайы (проекцияда) және басқа да жағдай салынатын депо және көше жоспарлары жасалады.

249. Көше (өтпе) жоспарындағы байланыс сымдар:

трамвай – әрбір жол табанының осі бойынша қызыл тушьпен тұтас бір жол арқылы;

троллейбус – сол түстес тұтас екі жол арқылы сызылады.

250. Тұрақты тоқтың жерасты кабельдік желілері жоспарға мынадай шартты белгілермен сызылады:

қуат беретін – сары түсті тушьпен үзік сызық арқылы;

қуат беретін сорғыш – қызыл тушьпен үзік сызық арқылы;

сору (кері) – көк тушьпен үзік сызық арқылы;

тартқыш қосалқы станцияға қуат беретін жоғары вольтты әуе желілері жасыл түсті тушьпен тұтас сызық арқылы.

251. Троллейбус (трамвай) маршрутының байланыс желісінің жоспарында:

сымдардың ұзындығы, маркасы мен қимасы;

көлденең және бойлық аспалы тростардың ұзындығы, материалы мен қимасы және олардың аспаларының биіктігі;

тіректердің нөмірі, олардың еркін биіктігі мен тірекке рұқсат етілетін үктеме, кг;

жерасты кабельдік желілердің ұзындығы, маркасы, қимасы және тереңдігі;

тартқыш қосалқы станцияларға қуат беретін жоғары вольтты әуе желілері сымдарының саны, маркасы, қимасы мен ұзындығы көрсетіледі.

252. Трамвайдың (троллейбус) байланыс желілерінің құрамында, әуе және жерасты кабельдік желілерінде орын алған өзгерістер мынадай: сымдарды, кабельдік желілерді, тіректерді, аспалы тростарды, осындай параметрлердегі басқа да сымдармен ішінара немесе толық ауыстыру, қолда бар байланыс сымдарын, тұрақты тоқтың кабельдік желілерін, аспалы тростарды, материалы немесе қимасы, сымдар саны бойынша әртүрлі басқа да сымдармен ауыстыру ережелері сақтала отырып жоспарда және техникалық паспортта ескеріледі, байланыс желілерінің трассаларын, әуе және жерасты (кабельдік) желілерді басқа жерге көшірген кезде жоспарларды қайта сызуға және жаңа техникалық паспортты жасауға әкеп соғады.

## **9-тарау. Көпірлер мен өткерме жолдарды мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау**

**Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

253. Мыналар:

көпірлер,

өткерме жолдар,

тоннельдер

құрылыс жайлар көпірлер мен өткерме жолдарды бастапқы және кейінгі техникалық зерттеп-қарау объектілері болып табылады.

**Ескерту. 253-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

254. Техникалық сипаттамаларды айқындау:

нақты шекаралар енгізіле отырып жер учаскелері түсірілімдерен;

жергілікті жерге бекітілуден;

сызықтық өлшеулерді жүргізуден;

жер учаскесінің жоспарын жасаудан, учаскеде орналасқан объектілердің ахуалдық сызбаларын жасаудан;

техникалық сипаттамадан;

материалдарды айқындаудан;

есептеу жұмыстарын жүргізу және жылжымайтын объектілердің техникалық паспортына зерттеп-қарау нәтижелерін енгізуден тұрады.

**Ескерту. 254-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

255. Өткерме жолдарда қандай жолдар орналастырылғанына байланысты өткерме жолдар, теміржол немесе автомобиль жолдары болуы мүмкін. Осыған ұқсас үлкен станциялардың, қала маңындағы платформалар жолынан өту үшін жаяу жүргіншілер өтетін көпірлер немесе жол асты тоннелі өткелдері салынады.

256. Осы Нұсқаулықтың 15-қосымшасына (бұдан әрі – Көпірлер мен өткерме жолдар сызбалары) сәйкес көпірлер мен өткерме жолдар сызбаларына сәйкес аса жоғары көпір өткелдерін салмау үшін, ірі кеме қатынасы өзендерінде үлкен кемелерді өткізу үшін кейде кеме өтетін аспалы көпірлер салынады. Ондай көпірлердің бір бөлігі жоғары көтеріледі немесе көпір астындағы кемелерді өткізу кезінде бір жағына шығарылады.

257. Виадук – ең алдымен, кең алқаптар, сайлар мен шатқалдар арқылы үйіндінің биіктігін жоғарылата отырып, үлкен үйіндінің орнына қолданылады.

258. Қалаларда үлкен үйінділердің орнына Көпірлер мен өткерме жолдар сызбаларына сәйкес көпір-эстакадалар салған тиімді. Олар үйінділерге қарағанда, көшелерді тарылтпайды, оның астынан жүруге немесе өтуге кедергі келтірмейді.

259. Кіші ағын суларда Көпірлер мен өткерме жолдар сызбаларына сәйкес шағын көпірлерді немесе су өткізгіш құбырларды салу жеткілікті.

260. Жолды, тау тоннельдерінен басқа, өзен үстінен өтетін көпірде емес, өзен түбіндегі тоннельде немесе судың ішінде салады.

261. Көше көліктеріне кедергі болмау үшін ірі қалаларда жер асты метрополитен тоннельдерін салады.



262. Галереялар тау беткейлеріндегі тау жыныстарының көшкін қаупін туғызатын жерлердегі жолдарды қорғайды.

263. Сел жіберу және тіреу қабырғалары жол төсемінен жоғары жатқан қатты қабаттың опырылып құлауынан немесе жолды немесе оның негізін шайып кетуден сақтайды.

264. Абристі жасауға кіріспестер бұрын, маман бағдарға қатысты объектінің орналасуын анықтайды.

265. Жер учаскесі түсірілімі процесінде барлық құрылыстар мен ғимараттар өлшенеді, учаскенің ұзындығы мен шекарасы өлшенеді, объектінің орналасқан жері (мекенжайы) анықталады

266. Осы құрылыстардың, жолдардың мақсаты айқындалады, көлденең осі бойынша жолдардың ұзындығы өлшенеді, жол төсемінің көлік жүретін жол бөлігінің ені өлшенеді, осы жолдағы қозғалыс жолағының саны айқындалады, бөлінетін жер жолағының ені өлшенеді.

267. Қоршаудың, бордюрдің ұзындығы өлшенеді, жол белгілерінің, ескерту бағандарының, жер асты өткелдері мен басқа да құрылыстардың саны айқындалады.

268. Жол жабындысының типі айқындалады, жарықтандыру элементтерінің болуы және саны айқындалады, қосымша көлік жолдарының бар болуы, су құбырлары мен дренаж жүйелерінің бар болуы айқындалады.

269. Тоннелді зерттеп-қарау кезінде оның ені, биіктігі, ұзындығы, қабырғалардың, материалдары жабындардың, өзгеріске ұшыраған жіктері, ағынды суларға арналған дренаж арналарын, гидрооқшаулаудың тұтастығы өлшенеді.

**Ескерту. 269-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

270. Жаяу жүргіншілер өткелдерін зерттеп-қарау кезінде конструкция элементтерінің ені, ұзындығы, материалы, төсем жабыны, қоршау материалы белгіленуге тиіс.

**Ескерту. 270-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

271. Аралық құрылыстардың түрлеріне қарай көпірлердің типі анықталады.

272. Көпірлер мен өткерме жолдарды зерттеп-қарау кезінде:

тіреулері бар көпірлердің төсемі бойынша ұзындығы (тіреулердің артқы шегі арасындағы арақашықтық);

тірек осьтерінің арасындағы жекелеген аралықтардың ұзындығы;

таяныштар арасының ені;

тротуралардың немесе сақтандырғыш жолақтардың көлік жүретін бөлігінің ені;

көпірдің биіктігі (көпірдің межеленген үстінен (МЖЖ) сулардың төменгі деңгейіне дейінгі арақашықтық;

көпірдің және оның жекелеген аралықтарының саңылаулары (көпірдің саңылауы - барлық аралықтар саңылауларының соманы; аралық саңылауы жоғарғы сулардың жиегі деңгейінде өлшенген аралас тіреулер арасындағы жарықтың арақашықтығы);

аралық құрылыстың биіктігі;

аралық құрылыстар және тіреулердің негізгі ұзындығы, ені және қимасы;

Көпірлер мен жол өтпелері сызбаларында көрсетілген фермалар, тіреулер, тіреуіштер осі арасының арақашықтығы өлшенеді.

**Ескерту. 272-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

273. Сызбаларда мыналар көрсетіледі: көпірлердің, өткерме жолдардың, тоннельдердің, бағдаршамдардың, жол белгілерінің, жер асты және жер үсті өткелдерінің, негізгі құрылыстарға орналасуы.

274. Көрсетілген жоспарларда көшелердің атаулары, үйлердің қасбет желілері мен құрылыс желілері, ғимарат жолына жабындар шегі мен типтері көрсетіледі.

275. Жоғарыда көрсетілген жоспарлар (1:100, 1:200, 1:500, 1:1000, 1:2000) масштабта сызылады.

276. Осы құрылыс жайлардың техникалық жай - күйі оның конструктивті элементтерін нақты көзбен көріп зерттеп-қарау арқылы анықталады.

**Ескерту. 276-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

277. Жоспарларда жиектер, бөліктерінде табанының қалыңдығы мен ені, олардың бағыты көрсетіледі.

278. Сипаттамалық материалдар, есептеу жұмыстарының нәтижелері техникалық паспортта көрсетіледі.

279. Әрбір құрылысқа техникалық паспорт дайындалады. Техникалық паспорттың басқы бетінде қажетті деректер енгізіледі, техникалық паспорттың барлық бағандары қысқартусыз толық толтырылады.

280. Техникалық паспорттың екінші бетінде "Жалпы мәліметтер" кестесі толтырылады, тротуардың ені, жаяу жүргінші жолының ені, бөлу жолағының ені, жол жиегінің ені, жиек бұрышы, үйінді биіктігі туралы, қосымша көлік

жолдарының болуы, жарық беру элементтерінің болуы және саны, жолақ саны, салынған жылы, жүк көтергіштігі туралы жол өткелдерінің өткізу қабілеті мәліметтер енгізіледі.

281. Көпірдің конструктивті элементтері, төсем осі бойынша биіктігі, жолдың жүру бөлігінің ені, орналасу биіктігі, тереңдігі, көпір астындағы бос жердің биіктігі, көпірдің және оның жекелеген аралықтарының саңылауы, аралық құрылыс биіктігі, аралық құрылыстар мен тіркектердің негізгі көлемдері ( ұзындығы, ені мен қимасы) туралы мәліметтер толтырылады, тірек остері арасының арақашықтығы, көпірдің негізгі элементтерінің көлемі Көпірлер мен өткерме жолдар туралы сызбаларда көрсетіледі.

282. Өткерме жолдар үшін сыртқы шектері арасындағы құбырдың ұзындығы, құбырдың диаметрі, биіктігі, ені (егер құбыр қимасы дөңгелек болмаса), құбыр қабырғасының қалыңдығы, құбырдың материалы, құбыр аузының материалы мен көлемі, лотоктарының болуы, оның ұзындығы мен материалы, үйінді биіктігі , жолдың жүру бөлігінен құбырдың сыртқы қабырғасының деңгейіне дейінгі арақашықтығы көрсетіледі.

283. Тоннельдер үшін мынадай мәліметтер толтырылады: тоннельдердің ені, биіктігі мен ұзындығы, қабырғаларының, жабуының, жабынының конструктивті элементтері, өзгеріске ұшыраған жіктерінің, сарқында суларды ағызуға арналған дренаж арналардың болуы, гидроокшаулау тұтастығы.

284. Өлшеу жұмыстары көше қозғалысы азайған кезде жүргізілуге тиіс. Егер ондай мүмкіндік болмаса, жолдың жүру бөлігінің ұзындығы мен енін өлшеу, жолдың жүру бөлігінде бөгеу белгілері қойылып, қозғалыс уақытша тоқтатылғаннан кейін жүргізіледі, ол үшін тиісті ұйымдардың келісімі болуға тиіс.

285. Көпірлер мен өткерме жолдар электронды өлшеу құралдарымен: оның ішінде: биік емес - 3 метрге дейінгілері қада және сатылар көмегімен, 3 метрден жоғары болса, биіктік өлшегіш немесе төмен түсірілетін және электронды өлшегіштің көмегімен өлшенеді. Ескі құрылыс жайларға ғимараттарға зерттеп-қарау кезінде жұмыс қауіпсіздігіне толық сенім болған жағдайда ғана оларға тексеру және өлшеу жүргізілуі мүмкін.

**Ескерту. 285-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

286. Құрылыстар қия беткейлерде және тік жарларда орналасқан болса, орындаушылар өлшеу немесе зерттеп-қарауды жүргізу қия беттен құлау қаупін туғызатын жерлерде техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтауға міндетті,

орындаушылар қалыңдығы 12 мм-ден кем емес мықты арқандармен сақтануға тиіс. Мұндай жерлерде жаңбырдан кейін, жердің беті мұз немесе қар жамылған кезде өндірістік жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Ескерту. 286-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **10-тарау. Жағалауларға мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу**

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

287. Жағалаулардың және олардың құрамдастарының техникалық зерттеп-қарау объектілеріне жағалаулар мен өзге де құрылыс жайлар жатады.

Ескерту. 287-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

288. Өзендер, каналдар, көлдер мен теңіздердің жағалауларында орналасқан қалаларда өзен жағалауларын бекемдеу және жағалау жолын бекіту қажеттілігі туындайды.

289. Жағалаулар бойында магистральдық көшелер салынып, саябақтар мен гүлзарларға ағаш отырғызылады.

290. Жағалау маңындағы аудандардың құрылысын жоспарлау және салу, жоспарда жағалау жолын, профильдік және сәулеттік жобасын белгілі бір пішінге келтіруді талап етеді.

291. Жағалаудың қоршау қабырғаларының түрлері мен конструкциялары жағалауларда құрылыс және жол салу жоспарында қабылданған жағалаудың рельефімен анықталады.

292. Жағалаудың рельефіне байланысты, жағалау бір немесе көп деңгейлі болуы мүмкін.

293. Қабырға судың бетінен 5-6 метрге дейін биік болса, онда бір деңгейлі жағалаулар салынады.

294. Биік қабырғалар жарасымсыз көрінетіндіктен, олар екі деңгейлі қабырғаларға және жиектері біріктірілген, тірек қабырғаларға ауыстырылады. Мұндай жағалаулардың төменгі деңгейі жаяу жүргінші тротуары үшін, ал жоғарғысы – көлік жүруі үшін жиі пайдаланылады.

295. Тіреуіш қабырғалар және олардың түрлері осы Нұсқаулықтың (бұдан әрі – Жағалаулардың сызбалары мен кестелері) 16-қосымшасына сәйкес жағалаулардың сызбалары мен кестелерінде көрсетілген.

296. Қала жағалауларының жауапты элементері, су көліктерінің айлақтауы үшін жасалатын орын, сондай-ақ адамдардың демалуға жиналатын алаңы ретінде ұйымдастырылады. Жиналатын орын мен олардың түрлері Жағалаулардың сызбалары мен кестесінде көрсетілген.

297. Екінші қасбет жолдың орнына жиек қабырға немесе жиек жолы, ал одан соң су қаймалары желілері бар, жүру бағыттары біржақты сияқты болып табылатын жағалауларды мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу кезінде объектінің ұзындығы мен ені, жабын материалы және сәулеттік безендендірілуі айқындалады.

**Ескерту. 297-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

298. Техникалық есеп әрбір жағалау бойынша жеке жүргізіледі. Бір жағалаудың соңы, екіншісінің басы, әдетте, жағалауға көлденең жолдар арқылы немесе өзен үстіндегі көпірлер арқылы нақты жағдайда айқындалады. Жағалаудың бұрылыс және бұралаң жерлері жақын орналасқан тұрақты нүктелерді анықтау арқылы айқындалады.

299. Жағалауларға мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау кезінде Жағалаулар сызбалары мен кестелерінде көзделген тірек қабырғалардың түрлері мен конструктивті құрылымдылық элементтерін анықтау қажет.

**Ескерту. 299-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

300. Әрбір тірек қабырға бойынша қаптаудың әр түрінің ұзындығы контурға байланыстырыла отырып, қабырғаның биіктігі жоғарыдан негізге (ростверкке) дейін өлшенеді, жиектің көлбеу ені жоғарыдан негізге дейін ерітінді немесе құрғақ күйінде және қабырғаның көлемі арқылы айқындалады.

301. Тротуарлардың, жағалау арқылы жүру жолдарының өлшемдері (ені, ұзындығы) алынады.

302. Көшкінге қарсы құрылыстар дренаж ұясы, терең ұңғыма – дренаж қолда бар тиісті құжатаманың негізінде есепке алынады. Осы ретте, оның нақты ескеріліп отырған объектіге сәйкес келуін анықтап алу, құрылыстың техникалық жағдайы туралы қосымша деректер алу және жұмыс істеп отырған ұйым қызметкерін қатыстыра отырып және техникалық паспорт толтыруға қажетті басқа да көрсеткіштер алу қажет. Көшкінге қарсы құрылысқа арналған осы құжаттар болмаған жағдайда түсірілім жүргізіледі.

303. Түсетін жерлерді мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау кезінде оның көлденеңінен бойынша ені мен ұзындығы, баспалдақтар саны, тірек қабырғаның, жағалаудың негізгі сызығына қарсы ішкі тереңдігі және түсетін жердің жоспарын

жасау үшін қажет басқа да өлшеулер; қоршаулар сыртқа шығатын құбырлар аузы анықталады.

**Ескерту. 303-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

304. Жағалаулардың техникалық жағдайы Жағалаулардың сызбалары мен кестесіне сәйкес жүргізілген тексерулер негізінде олардың конструктивтік элементтері бойынша анықталады.

305. Мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау бойынша мамандар орындайтын камералдық жұмыстарға:

жоспар жасау;

оны тушьпен сызу;

учаскелердің аудандарын және басқа да көрсеткіштерді есептеу;

қажетті есептер мен сипаттамалар жатады.

**Ескерту. 305-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

306. Жоспарға салу кезінде масштаб бойынша көлемдерін алуда нақтылықты қатаң сақтау қажет.

307. Сызбаларда жағалаулар мен қиылысатын құрылыстардың орналасуы көрсетіледі.

308. Түсетін жерлер, олардың көлденең ені мен ұзындығы, баспалдақтар саны, тірек қабырғаның тереңдігі жағалаудың негізгі сызығына қарсы ішкі тереңдігіне дейін және қоршаулардың басқа да өлшемдері, олардың ұзындығы, биіктігі, қалыңдығы, сыртқа шығатын құбырларының аузы, олардың диаметрлері енгізіледі.

309. Жағалауларды бекітетін құрылыстарының техникалық жағдайы Жағалаулардың сызбалары мен кестелеріне сәйкес тозу белгілері негізінде айқындалады.

310. Нақты жағдайда жүргізілген өлшеулер негізінде жағалаудың түгендеу жоспары (жағалау жиегі, тіреуіш қабырға) тірек нүктелерге байланыстырыла отырылып 1:1000 масштабта жасалады. Жоспардың төменгі жағында жағалаудың алдыңғы қабырғасының алдыңғы қасбеті (тіреуіш қабырғасы) 1:1000 бойынша тігінен 1:100, ал бүйірінен қарағанда 1:100 сызылады.

311. Топырақ және тас төселген беткейлерінің сызбалары жасалмайды, ол туралы мәліметтер жай техникалық паспортқа енгізіледі. Әрбір түсетін жерлердің жоспары жасалады және оның масштаб ауқымы 1:100.

312. Техникалық паспорттың басқы бетіне қажетті деректер енгізіледі, техникалық паспорттың барлық бағандары қысқартусыз толық толтырылады

313. Техникалық құжаттың екінші бетінде "Жалпы мәліметтер" толтырылады, онда салынған жылы, тіреуіш қабырғалардың құрылымдық элементері, жиек қбырғалар, түсетін жерлердің, көшкінге қарсы құрылыстар және ұзындығы, ені, биіктігі, диаметрі, саны және басқа да параметрлері енгізіледі.

314. Жағалауларды қаптайтын материалдар, тіреуіш қабырғалары, түсетін жерлері, жарықтандыру құралдарының саны көрсетіледі.

315. Жиектің, қасбет пен қиманың жоспары әрбір жақсартылған жағалаудың (тіреуіш қабырғаның) әрқайсысына оның ұзындығы, су бетінен және ростверктен биіктігі, қаптауы, түсетін жерінің орындары, қоршаулары, шығып тұрған құбырлардың ауыздары көрсетіле отырып жеке жасалады.

### **11-тарау. Құбыр жолдарын (сумен жабдықтау және кәріз, жылу желілері, магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары объектілерін) мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау**

**Ескерту. 11-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

316. Мыналар:

зерттеп-қарау құдықтары, камералары, қайта қосылу камералары, енгізу және шығару, жылжытпалар, өрт гидранттары мен фасон бөліктері бар су құбырлары мен кәріз желілері;

су айдайтын мұнаралар;

су тартқыштар, магистральдар, 1 және 2 көтергіштердің сорғы станциялары, дюкерлер;

сұйытылған газдың аула аумағы, топтық, резервуарлық құрылғылары;

кентарлық, көше, кварталаралық, аула, жерасты және жерүсті газ құбырлары құбыр жолдарын (сумен жабдықтау және кәріз, жылу желілері, магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары объектілерін) техникалық тексеру объектілері болып табылады.

теміржол астындағы өтпелерінен әкімшілік, өндірістік ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ олар орналасқан жер учаскелері;

су қабылдағыштар, сумен жабдықтаудың ашық көздерінің жағалаулары;

бөгеттер мен дамбалар;

су қоймалары;

инфильтрациялық су қабылдағыштар;

өзі ағатын және сифондық желілер;

артезиан су ұңғымалары;

санитариялық қорғау аймақтары және ондағы құрылыстар;

су құбырларының тазалағыш құрылыстары, тұндырғыштар, сүзгілер, жарықтандырғыштар, реогенттік шаруашылық, оның ішінде каогулянт, әк және хлор қоймалары, таза су резервуарлары;

кәрізді тазалау құрылыстары, құмқакқыштар, торлар, тұндырғыштар, геосүзгілер, аэросүзгілер, жоғары жүктелетін биосүзгілер, аэротенктер, метантенктер, суару алаңдары мен сүзгіден өткізу алаңдары, биологиялық тоғандар мен тұнба алаңдар.

жылу желілері және олардың құрылыстары;

әкімшілік ғимараттар, қазандықтар, бойлер және басқа да құрылыстар;

кәсіпшілік су құбырлары;

магистральдық су құбырлары;

мұнай мен газды тасымалдау үшін олардың есепке алынатын өзге де дербес объектілермен ұштасу нүктелерінің арасындағы жоғары және орташа қысымды шеттету;

МЖЖ, қорғаныс қабырғалары, көшкінге қарсы және селге қарсы инженерлік құрылыстар;

жеке тұрған газды реттеу пункттері;

шкафтық реттеу қондырғылары;

сұйытылған газдың аула аумағындағы, топтық, резервуарлық қондырғылары;

кентаралық, көше, кварталаралық, аула, жер асты және жер үсті газ құбырларынан тұрады;

Техникалық сипаттамаларды анықтау мыналардан:

нақты шекарасы салынған жер учаскесінің түсірілімінен;

желі торабының жер бетіне шығуларының жергілікті жерге байланыстылығы;

құдықтар арасындағы тіке және кері бағыттағы желілік өлшемдерінің жүргізілуінен;

жер учаскесінің жоспарын, желі сызбасын, учаскеде орналасқан құрылыстардың қабат сайынғы жоспарын, сондай-ақ қызметтік құрылыстарды жасаудан;

учаскеде орналасқан құрылыстардың техникалық жағдайын анықтай отырып, желі және конструктивті элементтердің техникалық сипаттамасынан;

құдықтың, сондай-ақ құбырлардың және олардың орналасқан жеріне байланысты құдық ішіндегі бекіту арматурасының материалын және габариттерін өлшеуді анықтаудан;

есептеу жұмыстарын жүргізуден және техникалық зерттеп-қарау нәтижелерін жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспорттарына енгізуден;

құдықтың көлденен және бойлық тіліктерін сызу және оның жабдығына ерекшеліктер жасаудан тұрады.



Ескерту. 316-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

317. Сумен жабдықтау және кәріз объектілеріне, жылу желісіне, магистральдық мұнай құбырларына және газ құбырларына зерттеп-қарауды жүргізу үшін топографиялық материалдарды, геодезиялық түсірілімдердің планшетінен алынған көшірмелерді, кварталдар мен көлік жүретін жолдардың жоспарларын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген объектілер орналасқан аумақтың басқа да жоспарларын, басқа материалдардың сипаттамасын пайдалануға рұқсат беріледі.

Ескерту. 317-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

318. Жер учаскесінің түсірілімі процесінде барлық құрылыстар өлшенеді, желінің (құбырдың) ұзындығы мен учаскенің шекарасы өлшенеді, мүмкіндігінше , орналасқан жері жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы белгіленеді.

319. Желінің, құбырдың жеткіліксіз, сондай-ақ нақты сәйкес келмейтін элементтері қосымша алынады.

320. Нақты зерттеп-қарау кезінде:

1) құдықтардың көлік жүретін жолдарда (көшелерде) немесе топтық құрылыс кварталдарында орналасуы, желінің ұзындығы;

2) құбырлар мен лотоктардың бағыты, тереңдігі, олардың өлшемдері, материалы белгіленуі тиіс. Конструктивті ерекшеліктері мен техникалық жағдайы жобалық-сметалық құжаттама және бұрынғы зерттеп-қараудың материалдарының қосымша материалдары көмегімен анықталады;

3) жылу желілері үшін жылу трассаларының құрылғылары (тіректерде, эстакадаларда, өтетін немесе жартылай өтетін, өтуге болмайтын арналарда немесе арнасыз құбыр жүргізуде);

4) тұрақты бағдарларға (ғимараттарға, күрделі құрылыстарға және т.б.) қатысты камералардың, компенсаторлардың және жылу трассасының басқа да құрылыстарының жергілікті жердегі жағдайы;

5) құбырлардың, қалыпты бөліктердің материалы мен диаметрі, жылу өткізбеу құбырларының материалы мен қалыңдығы, ұзындығы;

6) магистральдық мұнай құбырлары және газ құбырлары үшін құбырлар қабырғасының материалы, диаметрі, қалыңдығы және оқшаулануы, тасымалданатын өнімнің қысымы, құбыр жүргізу түрі (жер асты, жер үсті, коллектор, дюкер арқылы және басқалар).

Ескерту. 320-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

321. Құдықтар люктарының, камералар мен құбырдың ауа төсемі тіректерінің жергілікті жердегі жағдайы тұрақты бағдарлардан кемінде екі рет анықталады.

322. Құбырлардың ұзындығы люктердің, тексеру құдықтары камераларының, тіректер немесе тірек люк орталығынан тұтынушыға дейін ғимаратқа енгізу орнына өлшенеді.

323. Тиісті құдықтың камераның, тіректің люк орталығынан ғимараттың іргетасымен қиылысқан жеріне дейін ғимаратқа енгізу ұзындығы.

324. Барлық өлшемдер дөңгелектеусіз дәлдікпен жүргізіліп, эскизге (абриске) салынады.

325. Қосымша жобалық және өзге де материалдар болмаған жағдайда құдықтарды, камералар мен коллекторларды түсіру кезінде олардың сыртқы және ішкі габариттері өлшенеді. Дөңгелек құдықтың диаметрі мен тереңдігі өлшенеді; шатыр құдықта – құдықтың барлық тереңдігі, қылтасының биіктігі мен диаметрі, жұмыс камерасының биіктігі мен диаметрі немесе биіктігі, ұзындығы мен ені; тік бұрышты құдықта – тереңдігі, ұзындығы мен ені. Камераларда камера люгінің жоғарғы жағынан құбырларға дейінгі және камераның түбіне дейінгі биіктік өлшенеді. дөңгелек камераларда – диаметрі, тік бұрышты құдықтарда – ені мен ұзындығы өлшенеді.

326. Бір мезгілде құбырлар мен лотоктардың бағыты мен тереңдігі, олардың диаметрі (өлшемдері), материалы, конструктивті ерекшеліктері белгіленеді.

327. Тіректердегі және эстакадалардағы құбырларға қатысты тіректердің биіктігі, олардың қимасы өлшенеді және материалы, сондай-ақ іргетастың ұзындығы, ені мен материалы анықталады.

328. Құдықтағы (камерада) құбырлардың орналасуы құбырдың осі бойынша камера құдығының қабырғасына дейін өлшеу арқылы анықталады.

329. Арнасыз жүргізілетін құбырлар және өтуге болмайтын арналардың айналма бұрыштары құбыр іздеушілердің немесе қолда бар орындаушылық сызбалардың көмегімен анықталады, қажет болған жағдайда ашу шурфтар арқылы жүргізіледі.

330. Әрбір құдыққа салынған жылын, барлық өлшемдерді, қабырғалардың материалы мен құрылымын, жабдықты және қалыпты бөліктерді көрсете отырып, абрис жасалады.

331. Құбырдың құдықтағы тереңдігі төрткілдеш немесе люктің жоғарғы жазықтығынан құбырдың сыртқы бетіне дейін өлшеуіш арқылы анықталады.

332. Құбырдың, су құбырының, кәріздің ішкі диаметрі осы Нұсқаулықтың 17-қосымшасындағы Құбырлар сызбасына сәйкес құбырдың сыртқы пішіні бойынша ұзындығын немесе сыртқы диаметрін өлшеу арқылы жүргізіледі.

333. Жылу желілері құбырлардың ішкі диаметрі Құбырлар сызбаларына сәйкес оқшаулауларды есепке алмастан, құбырлардың сыртқы диаметрлерін өлшеу арқылы айқындалады.

334. Негізгі құбырлардан тарайтын бүйір тармақтар оларға құдықтардың арасындағы аралықтарда қосылған жағдайларда, осындай қосылған жерлер қолда бар құрылыс сызбалары бойынша, ал олар болмаған жағдайда – шамамен тиісті құбырлардың бағыты бойынша немесе тапсырыс берушінің нұсқауы бойынша анықталады.

335. Құбырдың түсірілімдері абрисінде тармақтар мен енгізулер, құдықтар, камералар, тіректер мен олардың нөмірлері, құбырдың сипаттамасы, орналасу тереңдігі, топырақтың жағдайы, техникалық жағдайы және басқа да деректер көрсетіледі. Кәріз желісі үшін бұдан басқа, құдықтағы құбыр лотогының орналасу тереңдігі көрсетіледі.

336. Қарауға қолжетімді құбырлар мен құрылыстардың техникалық жағдайы оларды конструктивті элементтері бойынша тікелей зерттеп-қарау арқылы анықталады, арнасыз жүргізілетін құбырлардың және қарауға қолжетімді емес өзге де құрылыстардың техникалық жағдайы нормативтік қызмет мерзімдері бойынша тиісті есептеулер арқылы белгіле.

**Ескерту. 336-тармақ жана редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

337. Қабат сайынғы жоспарларда үй-жайларда орнатылған жабдықтың орналасуы көрсетіледі.

338. Құбырлар барлық қосалқы құрылыстармен бірге, тиісті масштабта жасалған жүретін жолдар, көшелер жоспарының көшірмелеріне түсіріледі. Аталған жоспарларда: жүретін жолдардың (көшелердің) атаулары, үйлердің қалыпты желілері мен құрылыс желілері, жабындар шекарасы мен типтері, ғимараттар, үй-жайлардың нөмірленуі, жер асты коммуникацияларының (құдықтардың, камералардың) шығулары, тіректер мен желінің басқа да элементтері көрсетілуге тиіс.

339. Қалаға (кентке), ал аудан бойынша бөлінетін қалаларда аудан аумағына салыстырмалы масштабта немесе салыстырмалы өлшемдерде сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, кәріз сызбасы жасалады. Сызбаға басты құрылыстардың көшелері, жүретін жолдар, алаңдар, объектілері, күрделі ғимараттар мен құрылыстар, су құбыры (кәріз) желілері, жылу желісі мен олардың құрылыстары тексеру құдықтары, сорғы станциялары, өрт гидранттары, су тарту бағандары,

авариялық шығулар, жылу камералары, компенсаторлар және басқа да құрылыстар) түсіріледі.

340. Электр желісі мен байланыс желісінің тіректері, жасыл екпелер, қолданыстағы уақытша құрылыстар, ғимараттар мен құрылыстардың қалыпты желілерінің өлшемдері, басқа коммуникациялардың (телефон, электр) барлық жерасты төсемдері жүретін жолдар мен көшелердің жоспарларында көрсетілмейді.

341. Жоспарда негізгі трассаның және тармақтардың жалпы ұзындығы, сондай-ақ барлық үйге енгізулер мен шығулардың жалпы ұзындығы жазылады,

342. Су құбыры мен кәріз желілері, жылу желілері, магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары, тексеру құдықтары, камералар, коллекторлар, компенсаторлар, тіректер, эстакадалар және т.б. жоспарға түсіріледі және Шартты белгілерге сәйкес боялады.

343. Құбырдың орналасу тереңдігінің мен ұзындығының көрсеткіштері іргелес құдықтар люктері орталықтарының немесе құдықтар люктері орталықтары мен тұтынушының (енгізулер мен шығулар) арасындағы сызықтың үстінен, құбырлардың материалы мен диаметрі – сызықтың астынан қара түспен жазылады.

344. Тексеру құдықтарына, камераларға, тіректерге жоспарға (сызбаға) қойылатын инвентарлық нөмірлер беріледі. Құдықтарды, камераларды, тіректерді нөмірлеу тәртібі тапсырыс берушімен келісіледі.

345. Толық жарамсыз болған, сондай-ақ топырақпен жабылған құдықтардың, камералардың люктері жоспарда үзік сызықпен белгіленеді. Түгендеу өткізілген күні құдықтардың, камералардың люктерін өлшеу мүмкін болмағанда, екі концентрленген шеңбермен – ішкі тұтас және олардың өлшемдері мен мақсаты көрсетілместен сыртқы үзік сызықпен белгіленеді.

346. Әрбір су құбыры және кәріз құдығына, жылу камерасына және оларға жанасатын арналарға түгендеу карточкасы жасалады, онда 1:25 масштабта көлденең және тік тіліктер салынады. Бұл тіліктерде жабдық, жағдайы, камераның (құдықтың) өлшемдері – ені, ұзындығы, диаметрі, сондай-ақ құбырлардың камерадағы (құдықтағы, арнадағы) жағдайын анықтайтын өлшемдері көрсетіледі. Тік тіліктердің жоспарында – құбырларды орналастыру және камераның (құдықтың) тереңдігі көрсетіледі.

347. Түгендеу карточкасында негізгі жабдыққа кесте-ерекшелік толтырылады, онда: құбырдың мақсаты, ысырмалардың маркасы, олардың материалы, диаметрі, саны, құбырларды оқшаулау материалы және оқшаулау қабатының қалыңдығы, сондай-ақ дренаж құбырлардың материалы мен диаметрі, құдық (камера) қабырғасының материалы, оның салынған жылы, тозу пайызы көрсетіледі.

348. Егер тапсырыс берушінің күштік қондырғы материалдары мен стационарлық жабдығы болса, онда барлық негізгі деректерді және қондырғылардың сызбаларынсыз агрегаттың сипаттамасын енгізе отырып, жеке түгендеу карточкалар жасалады.

349. Карточканың оң жақ төменгі бұрышына мөртабан қойылады, онда зерттеп-қарау масштабы мен зерттеп-қарау күні, құдықтың (камераның) нөмірі, орындаушының қолы көрсетіледі.

**Ескерту. 349-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

350. Карточканың сол жақ төменгі бұрышында құдық (камера) люгі орталығының тұрақты бағдар-нүктелерге байланысты сызбасы салынады және құбырдың бағыты мен іргелес құдықтардың (камералардың) нөмірлері көрсетіледі. Кәріз құдығы үшін, бұдан басқа – құбыр лотогының және құдық люгі қақпағының белгілері, сондай-ақ сұйықтық тогының бағыт сілтемесі көрсетіледі.

351. Су құбыры мен кәріздің, жылу желілерінің, магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырларының (артұңғымалар, жерасты резервуарлары, су қысымы мұнаралары, жылуқуш жабдығы, арнайы құрылыстар, қайта айдайтын станциялар, мұнай өнімдерін құятын пункттер және т.б.) ерекше күрделі құрылыстарына жобалық құрылыс құжаттамасы болған кезде және алдын ала нақты зерттеп-қаралған бұрынғы тексерулердің іс жүзінде жарамды материалдарына, түгендеу жоспарларынан басқа масштабты, тік тіліктерді жасау керек. Жоғарыда көрсетілген материалдар болмаған жағдайда, құрылыстың схемалық сызбасы жасалады.

**Ескерту. 351-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

352. Тармақтарды, енгізулер мен шығуларды салу тереңдігі құбырлардың жақын құдықтар (камералар) арасындағы учаскелередегі тереңдігімен анықталады, ал құбырларды іргелес құдықтардың арасындағы учаскедегі салу тереңдігі осы құдықтардағы (камералардағы) құбырдың тереңдіктерінің арасындағы орташа мәні ретінде анықталады.

353. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық паспорттар ақаулы болып саналады және қайтадан жасалуға тиіс.

354. Тікелей зерттеп-қарауға қолжетімді емес құбырлардың тозуы қызмет мерзімдерін, қолданылған материалдардың сапасын, пайдалану режимін, жөндеу көлемін және уақтылығын, климаттық жағдайларды және басқа да мән-жайларды ескере отырып, оларды пайдаланудың нақты уақыты бойынша анықталады.

Құрылыстардың, коммуникациялардың, стационарлық жабдықтың және т.б. техникалық жағдайы олардың конструктивті элементтерін нақты көзбен көріп зерттеп-қарау арқылы анықталады. Объектілердің техникалық яғни тозу жағдайы , тікелей зерттеп-қарау мүмкіндігінің болмауына байланысты келтірілген формулалардың бірі бойынша анықталады:

$$И = \Phi / C \times 100, 1)$$

$$И = \Phi / (\Phi + П) \times 100, 2)$$

$$И = (C - П) / C \times 100, 3)$$

Мұнда И - объектінің тозуы;  $\Phi$  - объект қызметінің нақты мерзімі; С - қызметінің орташа мерзімі (№ 4 кесте); Я - қызмет объектісінің болжамды қалдық мерзімі.

**Ескерту. 354-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

355. Сипаттамалық материалдар, есептеу жұмыстарының нәтижелері техникалық төлқұжатқа жазылады.

356. Су құбырының, кәріз, жылу желілері, магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырларының әрбір ғимаратына немесе құрылысына 1:50 немесе 1: 100 масштабында орнатылған жабдықтың орналасуын немесе экспликациясын көрсете отырып (тапсырыс берушімен келісу бойынша) жер учаскесінің жоспарын, коммуникациялардың сызбасын, ғимараттардың, құрылыстардың қабат сайынғы жоспарын қоса бере отырып тиісті техникалық төлқұжат жасалады.

357. Әрбір түгендеу объектісіне техникалық төлқұжат, сондай-ақ 1:500 немесе 1:1000 масштабында түгендеу жоспары немесе түгендеу объектісінің сызбасы; тексеру құдықтарына (камераларға) 1: 25, 1:50, 1:100 масштабында А4 форматындағы карточкалар жасалады.

358. Техникалық түгендеу жұмыстары толық көлемде аяқталғанда тапсырыс берушінің (меншік иесінің) тиесілігі шегінде құбырлардың сызбалық жоспары және су тартқыштардың коллекторлардың, қайта айдайтын станциялардың, мұнай өнімдерін құятын пункттердің, қазандықтардың, бойлерлердің және құбырлардың жиынтықты техникалық паспорттары құбырлардың сызбасына сәйкес жасалады.

359. Техникалық төлқұжаттың титул парағында барлық қажетті деректер енгізіледі, техникалық паспорттың барлық бағандары қысқартуларсыз толтырылады.

360. Техникалық паспорттың екінші бетінде "Жалпы мәліметтер" кестесі толтырылады, оған құбырлардың ұзындығы, материалы мен диаметрі, қалыпты бөліктердің саны мен олардың диаметрі туралы деректер енгізіледі.

361. Тексеру құдықтары мен камераларының түгендеу карточкалары түзетілмейді. Өзгерістер болған жағдайда, олар жаңадан сызылады, ал ескі карточкалар жойылады.

362. Тармақтану құрылғысы немесе құбырдың желіге жалғануы сызбаны, жоспарды және техникалық паспортты түзете отырып, жеке учаске ретінде қайта есепке алынады.

## 12-тарау. Электр желілеріне мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу

Ескерту. 12-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

363. Мыналар:

- жоғары кернеулі электр берудің әуе желілері;
- төмен кернеулі электр берудің әуе желілері;
- жоғары кернеулі электр берудің кабельдік желілері;
- төмен кернеулі электр берудің кабельдік желілері;
- көше жарықтандыру желілері;
- электр станциялары;
- шағын электр станциялары;

басқа да құрылыстар электр желілері мен олардың құрамдастарының техникалық зерттеп-қарау объектілері болып табылады.

Ескерту. 363-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

364. Электр желілері объектілеріне техникалық зерттеп-қарау жұмыстарын ұйымдастыру кезінде мынадай реттілік сақталуға тиіс:

- объектімен алдын ала танысу;
- абрис жасау және қажетті өлшеулер жүргізу;

объектінің және оның негізгі жабдықтарын құрылымы, материалы, типі, маркасы мен басқа да негізгі деректері көрсетіле отырып, алғашқы техникалық сипаттамасын жасау, сондай-ақ тозу пайызын анықтау;

- объектінің жоспарын сызу;
- объектінің техникалық паспортын жасау.

Ескерту. 364-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

365. Электр желілері учаскелерін түсіру жұмыстары жүргізілген кезде қолда бар жоспарлар пайдаланылады, олардан қарындашпен алдын ала көшірмелер жасалады. Егер де ондай материалдар қолда болмаса, қажетті өтпелердің

түсірілімі түгендеу жүргізілетін электр желілерінің түсірілімі бойынша негізгі жұмыстарды орындау процесінде жүргізілуге тиіс. Өтпелердің жоспарлары түгендеу жүргізілетін электр желілерінің сипаттамасын толыққанды көрсететін құжаттар болып табылады.

366. Өтпелер жоспарларынан басқа, электр желілері бойынша жұмыстар жүргізу нәтижесінде жасалған техникалық түгендеу құжаттарының толық жиынтығына аудан бойынша қуат көзі жоспарының сызбасына трансформаторлық шағын станцияларды, бөлу пункттері мен төмен және жоғары кернеулі тарамдалатын электр желілері мен көше жарықтандыру желілері енгізіле отырып, кіргізілуге тиіс. Көрсетілген сызбалар қала картасы сызбасының тиісті сипаттамалық көшірмелері болып табылады, онда бір аудан аумағы қуат көзі болып табылатын қала шегіндегі электр желілерінің орналасқан жері көрсетіледі. Мұндай сызбалар электр желілерінің әрбір қуат көзінде (шағын станцияда, бөлу пункттерінде) болады, онда оларды пайдалану сипатындағы бірқатар мәселелерді шешу кезінде осы объектілерде қызмет ететін персонал басшылыққа алуы мүмкін.

367. Жер учаскесінің түсірілімі процесінде электр желілеріне іргелес жатқан барлық құрылыстар мен ғимараттар өлшенеді, учаскенің ұзындығы мен шекарасы өлшенеді, жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері (мекенжайы) анықталады. Электр желілерінің пайдаланылу мақсаты анықталады.

368. Нақты жағдайда зерттеп-қарау және электр желілерінің түсіру пайдаланушы мекеме қызметкерлерінің қатысуымен жүргізу қажет.

**Ескерту. 368-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

369. Тексерілетін желінің барлық параметрлерін анықтаудың дұрыстығын қамтамасыз ету үшін көрсетілген жұмыстарды кәсіпорын бөлген пайдаланушы электрик қызметкердің қатысуы кезінде жүргізілуі тиіс.

370. Электр желілерінің ұзындығы өлшеуіш құралдар, оның ішінде болат лента арқылы анықталады:

әуе - тірек орталықтары арасында немесе тірек орталығынан тұтынушыға дейінгі (ғимаратқа енгізу орны);

кабельдік – тексеру құдықтары люктері орталықтары арасында немесе құдық люгі орталығынан ғимаратқа енгізілген муфталардың (шұңқыр) соңына дейін.

371. Өтпелердің басында және соңында өздерінің орналасуына тән орнатылған тіректердің, жоспардағы желі бұрылысы жерлеріндегі желілерді өтпешектеріндегі тұрақты бағдарларға қамыт арқылы жалғау қажет. Желі, тармақтардың, іске қосылу ұзындығы электронды өлшеу құралдары, немесе болат лентаны пайдалана отырып өлшенеді, ал тіректерді тұрақты бағдарларға



байланыстырылған жағдайда өлшеу құралдарын, оның ішінде тесьмяндық өлшеуішті пайдалануға болады.

372. Әрбір құдыққа абрис жасалады. Құдықтарды қабырғалардың ішкі сұлбасы бойынша өлшеу рулеткамен немесе электронды өлшеу құралдарымен өлшенеді. Осы ретте дөңгелек құдықтың диаметрі мен тереңдігі; тік бұрышты және сопақ құдықтың тереңдігі, ұзындығы мен ені өлшенеді. Бір мезгілде кабельдердің бағыты мен тереңге орналасуы белгіленеді, бүгілу радиусы мен кабельдер арасындағы қашықтық анықталады.

373. Құдықтағы кабельдің орналасу тереңдігі өлшеу құралдары, оның ішінде төрткілдеш немесе құдық люгінің сыртқы бетінен кабельге дейін өлшеуіш арқылы анықталады.

375. Әуе электр желілері тіректерінің биіктігі және тіректердегі (трос) сымдардың іліну биіктігі теодолит немесе арнайы құралдар арқылы өлшенеді.

376. Кабельдік желілер құдықтарын, сондай-ақ электр берудің әуе желілері тіректерін (егер олар таңбаланбаған болса, тіректерді нөмірлеу мен орналастырылған жылы) нөмірлеу тәртібі тапсырыс берушімен келісім бойынша жүргізіледі.

377. Электр желілерінің техникалық сипаттамасы пайдаланушы ұйымдардың мамандарының нақты қатысуы арқылы жасалады.

378. Осы ретте мынадай көрсеткіштер:

сымдар үшін - материалы, қимасы, саны, төселген жылы және қалыпты кернеуі;

кабельдік желілер үшін - маркасы, қимасы, тарам саны, төселген жылы және қалыпты кернеуі;

тіректер үшін - материалы, типі, қимасы мен орналастырылған жылы;

көтергіш сым арқандар үшін - материалы, қимасы және ілінген жылы;  
кронштейндер үшін - материалы, типі, қимасы мен орнатылған жылы;  
шамдалдар үшін - типі, саны және орнатылған жылы анықталады.

379. Электр желілерінің тексерілетін учаскелеріне арналған абристер ұқыптылықпен жасалады және оларға барлық негізгі көрсеткіштер мен деректер, оның ішінде желілер мен өтпелердегі тіректердің орналасуы, желі дегі кернеу, сымдардың саны, маркасы мен қимасы, ұзына бойы аралықтардың және енгізулердің ұзындықтарын енгізу қажет.

380. Тіректердің еркін биіктігін анықтау кезінде әрбір учаске шегіндегі желілер әдетте, біртектес тіректерден салынатындықтан, барлық тіректерді өлшеудің қажеті жоқ. Мұны электриктің көмегімен бір-екі рет қана істеу қажет. тіректер бойынша жекелеген деректер де, орнату тәсілі, тозуы соның көмегімен нақтыланады.

381. Электр желілерінің барлық зерттеп-қараулатын техникалық жағдайы, жалпы алғанда, олардың қызмет жылдарының орташа мерзімі есебіне байланысты, пайдаланушы кәсіпорының өкілімен бірге, жекелеген конструктивтік элементтер бойынша желілерді сыртқы зерттеп-қарау арқылы алынған есеп нәтижелері кейіннен зерттеп-қараулында анықталады.

**Ескерту. 381-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

382. Электр желілері элементтері түсірілген (қосымша түсірілген) абрис негізінде өтпе немесе басқа аумақ жоспарының көшірмесі түзетіледі.

383. Оған желінің жетіспейтін элементтері мен басқа да қажетті жағдай енгізіледі, ал нақты болмаған жағдай жойылады. Бұдан соң көшірме тушьпен белгіленеді.

384. Электр желілері жоспарға (сызбаға) сымдардың (тарамдардың) санына қарамастан, бір сызық бойымен шартты белгілерге сәйкес енгізіледі.

385. Желілер мен олардың элементтері салынған аумақ жоспары болмаған жағдайда сызбаларға салынады.

386. Электр желілерінің жоспарында көрсеткіштер жазылады:

кабельдің орналасу тереңдігі, сымдардың (кабельдердің) ұзындығы;

сымдар көлденең сым арқандарға орналастырған кезде жоспарда сым арқандардың ұзындығы мен диаметрі;

электр желілерінің тіректері мен тексеру құдықтарына, сондай-ақ сым арқандарға ілінген шамдалдарға түгендеу нөмірлері беріледі, олар жоспарда жазылады. Желідегі осы элементтердің нөмірленуі тапсырыс берушімен келісіледі. Біртектес желілер тіректермен қиылысқан жағдайда құдықтар мен сым арқандарға ілінген шамдалдарға қос нөмір беріледі. Толық жарамсыз болған, сондай-ақ топырақпен толық көміліп қалған құдықтар жоспарда үзік сызықпен белгіленеді.

387. Кабельдік желінің әрбір құдығына түгендеу карточкасы жасалады, онда 1.25 масштабта құдықтың көлденең және тік кескіні сызылады. Осы кескіндерде жабдықтар мен кабельдер көрсетіледі, құдықтың өлшемдері (ені, ұзындығы, диаметрі, тереңдігі), сондай-ақ кабельдің жағдайын айқындайтын өлшемдер, оның бүгілу радиусы мен құдықтағы кабельдер арасындағы арақашықтық белгіленеді. Құдық тереңдігі мен кабельді орналастыру тереңдігі тиісті өлшемдегі желілерде көрсетіледі.

388. Желінің түгендеу жоспарында тіректердің трасса бағыты өзгертетін жоғарыдағы тұрақты бағдарларға жалғануы көрсетіледі.

389. Тірек материалы, сымдардың (тарамдардың) маркасы мен саны, қимасы, тозу және жұмыс кернеуі бойынша әртүрлі электр желілерінің үзінділері жекелеген есепке алу учаскелеріне бөлінеді.

390. Елді мекенді электрмен жабдықтау сызбасына электрмен жабдықталуға қатысты көшелер, өтпелер, алаңдар, бас ғимараттар мен құрылыстар салынады.


391. Техникалық паспорттың басқы бетіне қажетті деректер толтырылады, техникалық паспорттың барлық бағандары қысқартуларсыз толтырылады.

392. Техникалық құжаттың екінші бетіне "Жалпы мәліметтер" толтырылып, онда желінің ұзындығы жайлы мәлімет, тіректердің материалы мен саны, тіректердің орнатылу тәсілі, сымдардың қимасы мен саны, тіректердің биіктігі, желідегі кернеу; орнатылған жылы енгізіледі.

Жылжымайтын мүлік  
объектілерін мемлекеттік  
техникалық зерттеп-қарау  
жөніндегі нұсқаулығына  
1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**


1 - санат



Жылжымайтын мүлік  
объектілерін мемлекеттік  
техникалық зерттеп-қарау  
жөніндегі нұсқаулығына  
2-қосымша


Ескерту. 2-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-санат



Жылжымайтын мүлік  
объектілерін мемлекеттік  
техникалық зерттеп-қарау  
жөніндегі нұсқаулығына  
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



Жылжымайтын мүлік  
объектілерін мемлекеттік  
техникалық зерттеп-қарау  
жөніндегі нұсқаулығына  
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР  
Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен  
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.


1 этаж



Жылжымайтын мүлік  
объектілерін мемлекеттік  
техникалық зерттеп-қарау  
жөніндегі нұсқаулығына  
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР  
Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен  
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-санат



Жылжымайтын мүлік  
объектілерін мемлекеттік  
техникалық зерттеп-қарау  
жөніндегі нұсқаулығына  
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР  
Әділет министрінің 11.09.2018 № 1379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен  
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1 Бөлім. Шартты белгілер Раздел 1. Условные обозначения



жаба үшін қарп үлгілері образцы шрифтов для надписей	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане
Бас әріптермен Заглавный АӘБВГГДЕЕЖЖЙЙКҚЛМНҢӨӨ ПРСТУУҰҰҖҖҘҘҜҜҝҝҞҞҟҟ 1234567890	Терезе және есігімен кірішті қабырға Кирпичная стена с окном и дверью		Қамысқа қабырға Камышитовая стена	
Кіші әріптермен Строочный аәбвггддеежжййкқлмнңооп рстуууұұұҖҖҘҘҜҜҝҝҞҞҟҟ	Ағашты шайылған қабырға Деревянная рубленая стена		Кірішпен қатталған ағаш қабырға Деревянная стена, обложенная кирпичом	
	Қуаңалы-құйылмағы қабырға Каркасно-защитная стена		Кірішті қабырғадан арқа Арка в кирпичной стене	
	Кірішті бағана арасындағы ағашты қабырға Деревянная стена между кирпичными столбами		Кірішті қабырғадан құмыс және шақар Ниша и шкаф в кирпичной стене	
	Тақтайдан істелінген қапта Дощитая перегородка		Шыңдалған есік (балконда) Дверь остекленная (на балкон)	
Бас әріптермен Заглавный АӘБВГГДЕЕЖЖЙЙКҚЛМНҢӨӨ ПРСТУУҰҰҖҖҘҘҜҜҝҝҞҞҟҟ 1234567890	Темір бетонды қабырға Железобетонная стена		Пиләстрермен кірішті қабырға Кирпичная стена с пилестрами	
Кіші әріптермен Строочный аәбвггддеежжййкқлмнңооп рстуууұұұҖҖҘҘҜҜҝҝҞҞҟҟ	Шлак бетонды немесе шлак блоқты Шлакобетонная или шлакоблочная стена		Үш шәркеті бағаналармен кірішті қабырға Кирпичная стена с трехчетвертными колоннами	
	Сазбалшықты қабырға Глинябитая стена		Арқа Арка	
	Саманды қабырға Саманная стена			

атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане
Бреңқауар (ертегі арқы саяқты қабырғасы) Бреңқауар (противопожарная стена)				Үш қадамды баспалдақты және лифтімен баспалдақты тор	
Кірішпен бітелген есік ойығы Дверной проем, заделанный кирпичом				Лестничная клетка с трехмаршевой лестницей и лифтом	
Ағашпен бітелген есік ойығы Дверной проем, заделанный деревом				Кірішті тамбур Кирпичный тамбур	
Табағы дейін жетпейтін қапта Перегородка, не доходящая до потолка				Ағашты іші тамбур Деревянный внутренний тамбур	
Табағы дейін жетпейтін ағарынар және тамбур Витрины и тамбур, не доходящий до потолка				Терраса Терраса	
Құрметті қабырғадан ағарынар және есік Витрины и дверь в капитальной стене				Дәліз Веранда	
Сапылармен кірішті ірі беріс Кирпичное крыльцо со ступенями				Эркер Эркер	
Сапылармен ағашты ірі беріс Деревянное крыльцо со ступенями				Шүңкерше Прямая	



I Бөлім. Шартты белгілер Раздел I. Условные обозначения

атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане
Екі қабырға жақсадан жылыту пеші Камин, отопительная печь, примыкающая к двум стенам		екі үй-жайды жылытатын обогривающие два помещения		бітпелген терезелі және есікті ойыстар заделанный оконный и дверной проемы		жаңдетілген каналдары вентиляционные каналы	
Бір қабырға жақсадан примыкающая к одной стене		утермарковкі пеші утермарковская печь		насілінген терезелі және есікті ойыстар пробитые оконный и дверной проемы			
ендеусіз без разделок							
түтік құбырына жақсадан примыкающая к дымоходной трубе		ас үйлік ошақ күзінше очаги		лодкжалар лоджии		көрес құбыры мусоропровод	
үш үй-жайды жылытатын тік бұрышты емес көксінді бұрышты жылыту пештері угловые отопительные печи неправмоугольной конфигурации обогривающие три помещения		орталық жылыту қандығы котёл центрального отопления		лох лох			

I Бөлім. Шартты белгілер Раздел I. Условные обозначения

атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане
Жол жабындары: А. Топырақ Дорожные покрытия А. Грунт		Пештабан жемігі Борт пешадары Гранитті жиек Борт гранитный		2 - канализациялық 2-канализационные	
Б. Асфальт және асфальты бетон Б. Асфальт и асфальтобетон		Келбеу ағашты преуш қабырға Подпорные стены деревянные наклонные		Бағылау құдықтарымен жер асты неорті канализациясы Ливневая канализация подземная со смотровым колодез	
В. Жұмыр тас және жарылған тас В. Булыжник и колотый камень		Тік ағашты преуш қабырға Подпорные стены деревянные отвесные		Алында су торы Сточные решетки	
Г. Цементті бетон Г. Цементобетон		Жоспарланған құлама 1-сі белгіленген, 2-сі белгіленген Опосы опланероанные 1-укрепленные, 2-неукрепленные		Жер асты топырағын құрату Дренаж подземный	
Д. Ұсақталған тас және иыршық тас Д. Щель и гравий		Көсет (ор) Көсет (канва)		Фонтандар Фонтаны	
Е. Көпсе тас Е. Брусчатка		Бейілген көсет (чауа) Укрепленный кокет (лоток)		Су ақыретпеш құдықтар Водоразборные колонны	
Ж. Орнек Ж. Мозаика		Қалқанмен тас жаға: 1 - тасты, 2 - металды, 3 - ағашты Набережные каменные с парапетом: 1-каменные, 2-металлические, 3-деревянные.		Ауыз су құдықтары Колонны питьевые	
З. Кленер және кірпіш З. Кленер и кирпич		Келбеу тасты преуш қабырға Подпорные стены каменные наклонные		Шахта құдықтары Колодцы шахтные	
И. Пештабан плита И. Пешадные плиты		Тік тасты преуш қабырға Подпорные стены каменные отвесные		Артезиан құдықтары Колодцы артезианские	
К. Тік құйылған жабынды К. Торцовое покрытие		Байлау құдықтарымен желілер: 1- су құбырлы Сети со смотровыми колодезми: 1-водопроводные		Бағылау құдықтарымен жабықталған, бейілталған аударма Стрелочный перевод, оборудованный контрольными замками	
Л. Тастайған жасалынған төсеніш Л. Дощатый настил				Электр құдықтарымен жабықталған, бейілталған аударма Стрелочный перевод, оборудованный электрозамками	
Бетонды жиек Борд бетонный				ЭО постысынан басқарылатын, электр желіне торпан жабықталған, бейілталған аударма Стрелочный перевод, оборудованный электроприводом, управляемый с поста ЭЦ	
				Жергілікті постысымен басқарылатын, электр желі-текерімен жабықталған, бейілталған аударма Стрелочный перевод, оборудованный электро-приводом, управляемый с местного поста	

I Бөлім. Шартты белгілер

Раздел I. Условные обозначения

атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане
Жергілікті постымен және ЭО постымен басқарылатын электр желілерімен қабатталан, бағыттаушы аударма		Ағаштарды қатарлап отырысу Рядовая посадка деревьев		Орындық Скамейка	
Стрелочный перевод, оборудованный электроприводом, управляемым с поста ЭЦ и с местного поста		Білек тұрған ағаш Отдельно стоящее дерево		Фонарь Фонарь	
Пневматикалық тазалау қондырғыларымен қабатталанған бағыттаушы аударма		Білек тұрған бұта Отдельно стоящее кусты		Фонарь бағаналары Столб фонарный	
Стрелочный перевод, оборудованный установкой пневматической очистки		Игломенатор Игломенаторы		Туристик Туристик	
Құртық бағдаршам Светофор железнодорожный		Жар тесе дисктері Диски паровальные		Фтенщик Камели	
Жарық көрсеткіші Указатель световой		Электр желілері: 1-ағылты претекстерді жоғары кернеуі Электрические линии: 1-высокого напряжения на деревянных опорах 2-металлды қапшық салынған претекстерді жоғары кернеуі 2-высокого напряжения на металлических фермовых опорах 3-ағылты претекстерді төменгі кернеуі 3-низкого напряжения на деревянных опорах 4- ағылты претекстерді екіше жарықтары 4-улицного освещения на деревянных опорах.		Кілемге арналған трек Стойка для белья	
Автоматты шлагбаум Автоматический шлагбаум		Кабельдік желілер: 1-бөйлеу құдықтарымен жоғары кернеуі Кабельные линии: 1-высокого напряжения со смотровым колодезем 2-бөйлеу құдықтарымен төменгі кернеуі 2-низкого напряжения со смотровым колодезем		Крәуір арналған аудан Площадка для мусора	
Маневрлі бағана Маневровая колонна		Екі қатарға жанды шағыр Живая изгородь в один ряд		Шөкі Горка	
Жікіне торлар (бейіткі та өкім құршау) Трельяжи (огороженные высотой менее 1 м)		Бір қатарға жанды шағыр Живая изгородь в два ряда		Ойын құрылысы Игровое сооружение	
				Күрес Беседка	
				Ескерткіштің пас тұыр нысаны Бойшық және ішіне ТТ артымен олу Памитке өшіреріштің по формі постамента и өкіріне бұрақТТ	

I Бөлім. Шартты белгілер

Раздел I. Условные обозначения

атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане
Шене сарыс: 1- бір мойрақ; 2- екі мойрақ; 3- аспапы троста		Қубыртқы, металл құрыма (телекопильный) трек Трубная металлическая конструкция (телекопильная) опора		Трамвайлы секционлы изолятор Трамвайный секционный изолятор	
Светильники: 1 - однокровные; 2-двухкровные; 3- на тростовой подвеске		Бір жақты қронштейнмен трамвайлы трек Трамвайная опора с односторонним кронштейном		Тролейбусты секционлы изолятор Тролейбусные секционные изоляторы	
Ағылты претекстерді әуелік электр желі байланыстары Воздушная электрическая линия связи на деревянных опорах		Сыртқы трамвайлы трек (екі жақты қронштейнмен) Центральная трамвайная опора (с двухсторонним кронштейном)		Трамвайлы байланыс сымдарының маусымдық көрінісі ретінде үшін құрылғыларды өкім пункт	
Байлеу құдықтарымен кабельдік желі байланыстары Кабельная линия связи со смотровым колодезем		Төгіл қронштейнмен троллейбустық трек Тролейбусная опора с толковыми кронштейнами		Қубыртқы ізімек Степной крест	
Дүңк бағдаршамдары Светофоры пештовые		Ұяны (тегітпен қарағанда) ұзындықты қронштейнмен троллейбусы трекі (3-қронштейн ұзындығы метрлерде) Тролейбусная опора с кронштейном большей (чем тросовой) длины (5-длина кронштейна в метрах)		Байланыс сымның бейіткілі Амперова контактного провода	
Күрес (қозғалысты реттеп тұратын постымен) Будки (посты регулирования движения)		Игілты (сым) өкірдендімде трамвайды байланыс сымның ізім өкім пункт		Көгерілі тростық бейіткілі Амперова несущего троса	
Бір жолды трамвайлық жол Односторонний трамвайный путь		Пункт подвешивания трамвайного контактного провода на гибкой (правосторонней) поперечнике		Жақты тәңірмен Грузовой компенсатор	
Екі жолды трамвайлық жол Двусторонний трамвайный путь		Жолдың өкім үлесінде трамвайдың байланыс сымның тартылуы Отток трамвайного контактного провода на правом участке пути		Жақты компенсаторда троллейбустық, троллейбусы өкімді бұрыш Переходное звено троллейбусного участка грузовой компенсации	
Трамвайдың байланыс сымы Контактный провод трамвая		Игілты (сым) өкірдендімде троллейбусы байланыс сымның ізім өкім пункт		Тролейбус байланыс сымдарының орташа бейіткілі Средняя амперова троллейбусных контактных проводов	
Тролейбусың байланыс сымы Контактный провод троллейбуса		Көгерілі трост Несущий трос		Крәуір ұстауы (20° - байланыс сымдарының сымның бұрышы) Крәуір дәрәжесі, 20° - ұртп қылаша контактных проводов	
Трамвай немесе троллейбусың байланыс желісіне сәйкес ағылтың кабельдік желі Подвешивающая кабельная линия контактной сети трамвая или троллейбуса		Шыңырданған өкірдендімде троллейбусы сымның ізім өкім пункт		Тролейбусың сымдарының трамвайлық байланыс сымдарының қылысуы Пересечение трамвайного контактного провода с троллейбусным проводом	
Ұяны тоқтың нағрі кабельдік желісі Литгающая кабельная линия постоянного тока		Қысық жол үлесінде трамвайды байланыс сымдарының тартылуы Отток трамвайных контактных проводов на правом участке пути		60° та троллейбусы байланыс сымдарының қылысуы Пересечение троллейбусных контактных проводов под углом 60°	
Ұяны тоқтың сәйкес тастайтын (кәрі) кабельдік желісі Отсасивающая (обратная) кабельная линия постоянного тока					

I Бөлім. Шартты белгілер



Раздел I. Условные обозначения



атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане	атауы наименование	жоспарда бейнеленуі изображение на плане
Ағашты пререкретті трамвай және троллейбус тартқыш электр жабдықтау жүктерінің қолдары қолтығы айырылмай ток нағыз күйде Высоковольтная питающая линия переменного тока системы электроснабжения трамвая и троллейбуса на деревянных опорах		Келдіненнен қытай троллейбус байланыс сымдарының орнатылған белгішегі Изольированное крепление троллейбусных контактных проводов к пересекающей их поперечине		90°-та троллейбусның байланыс сымдарының қылысуы Пересечение троллейбусных контактных проводов под углом 90°	
Темір бетонды тірек (тіректің реттік нөмірі және оның нормативтік жүктемесі келтіріледі) Железобетонная опора (проставляется порядковый номер опоры и ее нормативная нагрузка)	1-900 	Болт алюминиймен троллейбус тартқыш жергілікті байланыс сымдарының, түйісу нүктелі Пункт сплюсывания троллейбусных проводов со сталеалюминиевыми	 МФ ПКСА	Троллейбусның көрсеткіш қорабы Троллейбусный стрелочный узел	
Металды тор тесікті тірек Металлическая решетчатая опора	2-900 	Келдіненнен катарлы трамвайдың шеміршектен байланыс аспазының келтірілуі тросын белгілеу нүктелі Пункт крепления несущего троса трамвайной цепи контактной подвески к несущей поперечине		Жүкті разряд Грузовой разрядник	
Металды құбырлы тірек Металлическая трубчатая опора	3-1200 	Кронштейн троллейбусның байланыс аспазының келтірілуі тросын белгілеу нүктелі Пункт крепления контактного провода к кронштейну		Нарпі кабельдердің бірігу нүктелі (трамвай үшін - нәріздегіретін және сорып тұратын) Пункты присоединения проводов кабелей (для трамвая - питающий и отходящий)	
Ағашты тірек Деревянная опора	4-300 	Жапырақты троллейбусның байланыс аспазындағы электрі біріктірілуі (белгі) Электрический соединитель (перемычка) между положительными троллейбусными контактными проводами		Газ құбыры Газопровод	
Топырақты белгіленген тірек Опора, заанерованная в грунт		Жапырақты троллейбусның байланыс аспазындағы электрі біріктірілуі (белгі) Электрический соединитель (перемычка) между отрицательными троллейбусными контактными проводами			



I Бөлім. Шартты белгілер

Раздел I. Условные обозначения

